



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldyqorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№37 (1879) Жұма, 19-қыркүйек 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА

ҚҰРМЕТ ПЕН ДОСТЫҚ РУХЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІН ЫНТЫМАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев
Астана төрінде бас қосқан
әлемнің ең беделді рухани
көшбасшылары мен басқа
да қатысушыларға ілтипат
білдіріп, Съезд жұмысына
қолдау көрсеткендері үшін
алғыс айтты.

— Қазір жер жүзінде сын-қатерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қақтығыстар көбейуде. Алмағайып кезең ешкімге оңай болып жатқан жоқ. Өкінішке қарай, соғыстың сипаты мен болмысы белең алуда. Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабақ алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі Съездің мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту өткен Бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Съезд алғаш қызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-қатерлерін ашық талқылайтын бірегей алаңға айналды. Конгреске қатысушылардың ұсынымдарына сәйкес, Съездің 2033 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп, ол жүзеге асырылып жатыр.

— Аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Геосаяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-ші сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан территориясы ежелден түрлі мәдениеттер тоғысып, өркениеттер өзара біте қайнасқан мекен екеніне назар аударды.

— Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың тәзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің



бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл, — деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Съезд аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының діни нысандарды қорғау жөнінде арнаулы сессиясы ұйымдастырылғанын атап өтіп, жаһандағы гуманистік күн тәртібін ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Альянстың жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа ризашылығын білдірді.

— Киелі діни орындар мен нысандарды қорғау арқылы біз, шын мәнінде, адамзат өркениетінің қайнар көзін сақтаймыз. Қазақстанда 18 конфессияға тиесілі төрт мыңға жуық діни бірлестік бар. Біз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді киелі жерлерді, ертеде және қазіргі заманда бой көтерген мешіттерді, православие мен католик шіркеулерін, Алматыдағы будда орталығы мен «Бейт Рахель Хабад Любавич» сияқты синагогаларды қорғап, қолдау көрсетеміз. Мемлекет діни қауым үшін ерекше маңызға ие барлық қасиетті орындардың сақталуын өз қамқорлығына алған. Маңғыстаудағы Бекет ата мешіті, Іле өзенінің жағасындағы Тамғалы тас будда петроглифтері, Алматыдағы Леви-Исхак Шнеерсонның қабірі, католиктер айрықша ардақтайтын Солтүстік Қазақстандағы Мәриямкөл — осының жарқын мысалы. Киелі жерлер наным-сенімі әртүрлі адамдарды біріктіріп, ұрпақтар сабақтастығы мен рухани байланысты сақтайды. Сондықтан біз үшін бұл жай ғана сәулеттік немесе тарихи ескерткіш емес, бейбітшіліктің, өзара

құрмет пен халқымыздың мәдени саналуандығының символы, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы өткен Съезден бері әлемде өте жағымсыз үрдістер белең алды. Кейбір саясаткерлер мен сарапшылар бұған «өркениеттер дағдарысы» деп айдар тақты.

— Киплингше айтсақ, «Батыстың аты – Батыс, Шығыстың аты – Шығыс. Олар ешқашан бір арнада тоғыспайды». Бірқатар ірі мемлекетте орын алған кейінгі уақиғаларды шолып өтсек, мұндай ұйғарымның дұрыс көрінуі мүмкін. Бірақ саяси факторды ешқашан естен шығаруға болмайды. Басқаша айтқанда, басқарушы биліктің мемлекеттік құрылым туралы тұжырымы мен тәжірибесін қаперде ұстаған жөн. Олар жүргізетін саясаттың бейбіт диалогты қолдау, мәдениеттердің, түрлі дін мен дүниетанымның ықпалдастығы тұрғысынан әрдайым орынды әрі конструктивті бола бермейтінін көріп отырмыз. Әсіреліштілік пен жалған патриотизмнің күн санап белең алуы алаңдатпай қоймайды. Қалыптасқан түсініктердің көз алдымызда өзгеруі жастарды адастырады. Бір жағынан біз құқықтық консервативті және либералды идеологиялардың қақтығысына куәміз. Бұл бірқатар елді саяси тұрақсыздыққа әкеледі. Қазақстанда осы тектес жаһандық проблемаларға жіті назар аударылады. Бұл — ішкі саясатымыздың негізгі өзегі. Түрлі этнос, дін және ұлт өкілдері арасында толеранттылық пен өзара құрмет саясатын жүргізу маңызды деп санаймын. «Бірлігіміз – әралуандықта» ұстанымына зиян келтіріп, оған күйе жақысы келетін, соның ішінде мемлекеттік қызметте және қоғамдық орында елімізді тұрақты ме-

кен ететін халықтардың тілін еркін қолдануға қарсы әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады. Оған «Заң және тәртіп» қағидатына сай құқықтық баға беріледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанда соңғы жылдары анағұрлым орнықты, ашық әрі әділ саяси жүйе қалыптастыруға бағытталған ауқымды өзгерістер дәйекті түрде жүргізілгенін атап өтті.

— Адам құқығын қорғау саласы айтарлықтай күшейді: Конституциялық сот құрылып, омбудсмен институты нығайды, арнайы заңдар мен жарлықтар шығарылды. Жалпыұлттық референдум кезінде азаматтарымыздың басым бөлігі қолдаған 2022 жылғы конституциялық реформа саяси жүйемізді түбегейлі жаңғыртты. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алдық. Президентті жеті жылға бір рет сайлау тәртібі бекітіліп, сондай-ақ Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым атқаруға тыйым салатын нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, жақында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда елімізде бірпалаталы Парламент құру бастамасын көтердім. Аталған ұсыныс халық мүддесіне сай саяси жүйені жаңғырту ниетінен туындап отыр. «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы негізінде қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ішкі саясатымызда ерекше мән беріледі, — деді Президент. Мемлекет басшысы инновацияны, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге тоқталып, ұлттық экономиканы жаппай цифрландыру идеясы биылғы Жолдауының арқауы болғанына назар аударды.

Жалғасы 2-бетте. ►

ҚҰРМЕТ ПЕН ДОСТЫҚ РУХЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІН ЫНТЫМАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Басы 1-бетте.

— Соңғы жылдары Қазақстан экономикасын реформалауға қатысты ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Мен Жолдауда ұсынған жоспарлар аталған бастаманы одан әрі өрбітеді. Бұл жерде еліміздің жаңа индустриалды қалыбын құру жөнінде сөз болып отыр. Энергетика және коммуналдық инфрақұрылым біртіндеп жаңғыртыла бастады. Қазақстан Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы негізгі құрлық дәлізі саналады. Сондықтан келік-транзит әлеуетімізді арттыруға айрықша күш саламыз. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауға және азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Осы орайда мемлекет инвестициялық ахуал мен іскерлік ортаны жетілдіруге кірісті. Ұлттық экономиканы дамыту ісінде мемлекеттің ауқымды қаржылық мүмкіндігін жұмылдырумен қатар, ірі инвестиция тартуға тырысамыз. Дегенмен біздің басты байлығымыз — адам. Сол себепті мемлекет адам әлеуетін нығайту бағытында кешенді шара қабылдады. Ұстаздарды, дәрігерлерді, ғалымдар мен инженерлерді, жастарды қолдау тетіктері жаңа деңгейге көтерілді. Биыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл шешім қоғамда еңбекқорлық культінің маңызды екенін көрсетеді. Біз жаңа мектептер құрылысына, жоғары білім, ғылым, спорт және креативті индустрия салаларын дамытуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін жаңғыртуға қомақты қаржы бөліп отырмыз. Қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру үшін жан-жақты шаралар қабылданды. Былтыр «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталып, оған миллиондаған отандасымыз қатысты. Мұның бәрі Әділетті, Таза, Қауіпсіз, Қуатты, Цифрлық Қазақстанды — жауапкершілігі жоғары азаматтардың мемлекетін, мүмкіндіктер мен проерестер елін құру жолындағы басты бағдар саналады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемде мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылық күшейіп, сауда және санкция текетірестері бәсеңдемей тұрғанына, жаппай қарусызданудың орнына әскерді жарақтандыру жарысы басталып кеткеніне тоқталды.

— Дүние жүзінің әртүрлі аймағында жүріп жатқан гибридті соғыстардың майдан шебі айқын емес. Алайда қисапсыз адам шығынына ұшыратып, толассыз босқындар нөпіріне түрткі болуда. Экономикаға орасан зор залал тигізіп отыр. Ядролық қақтығыс қауіп қатты алаңдатады. Сарапшылар зұлымдық пен мейірімділік тартысқа түсетін мұндай шешуші сәттің болу ықтималдығы соңғы он жылда күрт артқанын жиі айта бастады. Өкінішке қарай, әлемде конструктивті ұсыныстарды ортаға салып, саяси ұстамдылық танытуда әлсіздік өршіп, геосаяси жіктің арасы алшақтап, әлеуметтік шиеленіс одан сайын ушығып барады. Менің ойымша, мұндай қилы кезеңде диалогқа шақыратын, бірін-бірі жатсынуды доғаруға үндейтін, халықаралық аренадағы өзара сенімді арттыратын басты амал ретінде конструктивті дипломатия алдыңғы орынға шығуы керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, өркениеттер байланысын дамытуда, сондай-ақ адамдар мен қоғам арасындағы сенімді нығайтуда айрықша рөл атқаратын дінбасыларына зор үміт артылады.

— Діни қайраткерлер саясаткерлерді парасаттылыққа, ізгілікке және моральдық жауапкершілікке үндеп, әлемнің құрдымға кетуіне жол бермеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасай-тынына сенімдіміз. Дүние жүзінде мұндай үлгі тұтар талпыныстар жоқ емес. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Адамзат бауырластығы туралы құжат, Мекке декларациясы, Бахрейн форумы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «Ибраһим зәуатының үйі» — осы

бастамалардың барлығы тізе қосып әрекет етсе, дін ұйыстырушы күшке айналатынын көрсетеді. Мұндай тәжірибені одан әрі дамытып, кеңінен тарту қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан әрі Президент Қазақстанның дінаралық және мәдениетаралық диалогты нығайтуға қатысты ұстанымымен бөлісті.

— Халықаралық және өңірлік ұйымдар деңгейінде діни дипломатияның әлеуетін пайдалану маңызды. Осыған дейінгі Съезд аясында көтерген «Бейбітшілік қозғалысы» атты идеямды талқылауды ұсынамын. Жоғарғы дін қызметкерлері зорлық-зомбылықты тоқтатуға және бітімге келу жолдарын іздеуге ешқандай саяси реңкіз, бейтарап үндеу жасау арқылы аталған қозғалысқа моральдық тұрғыдан демеу бола алар еді. Адам өмірінің құны, жанашырлық пен мейірбандық секілді жалпыға ортақ құндылықтарға негізделген бұл бастама діндар қауымды ғана емес, саясаткерлерді, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік емес құрылымдар өкілдерін, сарапшыларды, тіпті жастарды да біріктіре алады. Бейбітшілікті қорғау жолындағы үніміз әлдеқайда өршіп болуы қажет. Осы Съезд секілді алаңдар соған септігін тигізеді. Бұл ретте әзірге әлемде баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен сенім арттамыз. Орайлы сәтті пайдаланып, Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы еліміздің ұсынысына қолдау білдіргені үшін Ұлымға мүше барлық мемлекетке ризашылығымды білдіремін. АӨСШҚ, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, ЕҚЫҰ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы, Араб мемлекеттері лигасы секілді өңірлік құрылымдардың рөлін күшейту қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, діни конфессиялар қай заманда да адамдарға түрлі қиындықтар мен тауқыметтерді еңсеруге көмектескен. Сондықтан адамның рухани қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда, оның дүниелік мұқтаждықтарын да қаперден шығаруға болмайды.

— Елеулі жетістіктерге қарамастан, адамзат көптеген гуманитарлық сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Миллиондаған адамдар аштықтан, індеттен, қоршаған ортаның азып-тозуынан және климат өзгерісінен зардап шегуде. Қазақстан кедейлікті азайтуға, экологиялық проблемаларды шешуге және гуманитарлық көмек көрсетуге айтарлықтай күш-жігер жұмылдырады. Бұл мәселелерді келесі жылы сәуір айында Астанада өтетін Экология және орнықты даму өңірлік саммитінде талқылау жоспарланған. Еліміз — мұсылман еліміздің қиыр солтүстіктегі ең үлкен аймағы. Отыз жыл бұрын біз Ислам ынтымақтастығы ұйымының мүшесі атандық. Осы беделді бірлестік аясында Қазақстан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының құрылуына бастамашы болды. Дін қайраткерлері әрқашан адамдарды жігерлендіріп, игі іс жасауға, жоқ-жітікке жәрдемдесуге шақырады. Діни қауымдар гуманитарлық миссиялар мен еріктілер бағдарламасын іске қосып, мектеп пен аурухана ашды. Жастар мен әлеуметтік әлсіз топтарға қамқорлық көрсетіп, климат пен миграция мәселесін қозғайды. Бұл ХХІ ғасырда да діннің жасампаз күшке ие екенін тағы бір дәлелдейді. Оның мүмкіндігін толық пайдалану қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы әлем күрделі экологиялық қауіп-қатермен бетпе-бет келіп отырғанын, соның ішінде Орталық Азия оны ерекше сезінетінін жеткізді.

— Климат өзгерісі мұнда әлемдік деңгеймен салыстырғанда өте тез жүріп жатыр. Аймақта құрғақшылық жиі орын алып, мұздықтар еріп, тұщы судың қоры азайып келеді. Кез келген халықтың рухани дәстүрі табиғатты аялауға, қоршаған ортамен үйлесімді

өмір сүруге үйретеді. Өйткені Жер — Жаратушы сыйлаған ортақ үйіміз. Оған қамқорлық таныту — парызымыз. Климаттағы өзгерістер мен оның ауыр салдары — тек ғылыми немесе экономикалық мәселе емес, іргелі адамгершілік құндылықтар үшін сынақ. Ықтимал экологиялық апаттардың алдын алу үшін халықаралық ынтымақты нығайту, сондай-ақ жаһандық және өңірлік деңгейде үйлесімді әрекет ету маңызды. Сондықтан Съезд аясында климат өзгерістеріне қарсы күрестегі дін көшбасшыларының рөлі туралы бірлескен құжат әзірлеуді ұсынамын. Аталған құжатта рухани дәстүрлерге негізделген және климат өзгерістеріне осал өңірлерді қолдауға ерекше мән беретін экологиялық жауапкершіліктің жалпыға бірдей қағидаттарын бекітуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент әлемнің жаңа технологиялық дәуірге қадам басқанына назар аударды.

— Жасанды интеллект, үлкен дерекқор, биоинженерия және басқа да революциялық жаңашылдықтар адамның тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертті. Бірақ этикалық нормалар технологиялық прогрестің қарқынына ілесе алмай жатыр. Таңдау құқығы мен жеке өмірдің құпиялығын қорғау, цифрлық теңдікті және жасанды интеллектіні пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді көптеген дилемма салдарынан жаңа сын-қатерлер туындады. Дін көшбасшылары адамгершілік құндылықтар мен асқақ мұраттардың сақшысы ретінде адамзаттың цифрлық келешегі туралы пікірталасқа атсалысуы керек деп ойлаймын. Кез келген технология адам иегілігіне қызмет етуге тиіс. Ол үшін дін көшбасшыларының, ғалымдар мен технократ-инженерлердің тұрақты диалогын ұйымдастыру қажет. Жасанды интеллект еліміздің қарқынды дамуына жол ашады. Әйтсе де этикалық нормаларды сақтаудың маңызын жақсы түсінеміз. Сондықтан бұл бағытта кеңінен ынтымақтастық орнатуға әзірміз. Жасанды интеллекттің дамыту этикасы жөніндегі дінаралық комиссия құруды ұсынамын. Ол нейрожелілер мен басқа да серпінді технологияларды жауапкершілікпен пайдаланудың әмбебап қағидаттарын әзірлеумен айналысады. Бұл жерде «алгоритмдерге арналған қағидалар» жинағын әзірлеу туралы сөз болып отыр. Онда адамның қадір-қасиетін құрметтеу, дискриминацияға жол бермеу, аса маңызды шешімдерді бақылауда ұстау мәселелері ескерілуге тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президент барлық негізгі діни дәстүрлер мейірімділік, әділдік, жақынына жанашырлық, бейбітсүйгіш қасиет секілді жалпы гуманистік құндылықтарды дәріптейтініне назар аударып, Қазақстанның осы ұстанымға бейіл екенін атап өтті. Сондықтан еліміз зорлық-зомбылықты, экстремизмді және өшпенділікті ақтап алу үшін дінді пайдалануға үзілді-кесілді қарсы деп мәлімдеді.

— Бүгінде көптеген ойшылдар постсекулярлық дәуірдің басталғанын жиі айтады. Яғни мұндай кезеңде дін қайтадан қоғамдық және саяси өмірдің маңызды факторына айналады. Біздің Съезд замана көшінен қалмауға тырысады. Сондықтан дін өкілдерінің диалогын ғалымдар мен сарапшылар қауымдастығымен күшейтеміз. Рухани даналық пен сарапшылар білімінің синтезі жаһандық және өңірлік деңгейдегі өзекті проблемалардың тиімді шешімін табуға жол ашуы мүмкін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл ретте Мемлекет басшысы болашақ жастардың қолында екенін жеткізді.

— Өскелең ұрпақ барлық дін және мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара құрмет пен сыйластық рухын терең сезініп өсуі керек. Қазіргі жастар көптеген сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Наным-сенімі, дүниетанымы әртүрлі болса да, оларды толғандыратын мәселелер — ортақ. Демек сол түйткілдердің шешімін де бірлесіп іздеу қажет. Сол себепті, Съезд аясында Жас

дін көшбасшылары форумы екінші рет өткізіліп жатыр. Бұл форумға қатысушылар ашық пікір алмасуға, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін көрсетті. Бәріміз рухани көшбасшылардың жаңа буыны қалыптасып жатқанын көріп отырмыз. Оларға қолдау көрсету — баршамызға ортақ парыз. Қазақ халқында «Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, бәріміз күш-жігерімізді біріктірсек, жаһандық сын-қатерлерге төтеп бере аламыз. Біз Астана төрінде осымен сегізінші мәрте бас қосып отырмыз. Бұл дін басыларының арман-мұраты ортақ екенін аңғартады. Бүкіл адамзатқа төнген түрлі қауіптерге бірігіп қарсы тұруға дайын екенін көрсетеді. Осы дөңгелек үстелдегі құрмет пен достық рухы дүние жүзін ынтымаққа бастасын! Игі мақсаттарға бірае жетейік, — деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде Қасым-Жомарт Тоқаев форумның бір топ қатысушыларына мемлекеттік наградаларды, Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын, Съездің құрмет медалін, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгісін табыстады.

II дәрежелі «Достық» орденімен Дүниежүзілік даошылар федерациясының төрағасы (ҚХР) Ли Гуанфу, Somaia Vidyavihar университетінің президенті (Үндістан) Самир Шантилал Сомаяй;

«Шапағат» медалімен Иран Ислам Республикасының Ислам мәдениеті және байланыстары ұйымының президенті Мухаммад Мехди Иманпур марапатталды.

Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Өркениеттер альянсы жөніндегі жоғары өкілі, БҰҰ ислам форбиясымен күрес жөніндегі арнаулы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа берілді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің құрмет медалімен:

- Мысыр Араб Республикасының бас мүфтиі Назир Мұхаммед Аяд;
- Татарстан Республикасы Мұсылмандар діни басқармасының төрағасы Камиль Самигуллин;
- Тәжікстан Республикасы Улемдер кеңесінің төрағасы Саидмукаррам Абдукодирзода;
- Қасиетті Тақтың Дінаралық диалог дикастериясының префекті Джордж Джейкоб Кувакад;
- Минск және Заславль митрополиті, бүкіл Беларусь Патриархының экзархы Вениамин (Виталий Тупеко);
- Израильдің бас ашкеназ раввині Кальман Бер;
- Израильдің бас сефард раввині Давид Йосеф;
- Бахаи халықаралық қоғамдастығының бас хатшысы Дэвид Рутштейн;
- Дүниежүзілік буддашылар бауырластығының президенті Фаллоп Тайари;
- Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымының бас директоры Салим Мұхаммед әл-Малик;
- Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев;
- Діни және дәстүрлі бітімгерлер желісінің атқарушы директоры Мұхаммед Эльсаноси;
- Еуразияның еврей қауымын қолдау жөніндегі ұлттық коалицияның атқарушы вице-төрағасы, бас атқарушы директоры Марк Барри Левин;
- Біріккен Ұлттар Ұйымы Өркениеттер Альянсының директоры Нихал Саад;
- Израильдің бас ашкеназ раввинінің өкілі Шломо Менахем Кук наградталды.

Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгілерімен:

- Исламабад халықаралық ислам университетінің Исламды зерттеу институтының бас директоры Мұхаммед Зия Уль-Хак;
- БАӨ Толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру министрлігінің бас директоры Аффа Әл Сабри;
- Мартин Лютер Інжіл-Лютеран одағының бас хатшысы Михаэль Хюбнер;
- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің мақсаттары мен міндеттерін ілгерілету жөніндегі уәкілі Болат Сәрсенбаев марапатталды.

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ ТУРИЗМДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Жетісу облысында облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен Президент Жолдауы аясында туризм саласын дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Кеңеске жергілікті атқарушы органдардың, өңірдегі туристік саланың өкілдері, ұлттық табиғи парктердің, демалыс аймақтары мен базаларының, туристік клубтар мен кәсіпкерлік нысандарының жетекшілері қатысты.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысының туризмі 5 негізгі бағытқа негізделген. Олар - Алакөл, Балқаш көлдері, «Алтынемел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи парктері және Жоңғар Алатауы тау сілемі.

- Туризм инфрақұрылымын дамыту – Президент Жолдауында айтылған маңызды тапсырмалардың бірі. Биыл туризм саласына бөлінетін қаражат көлемі облыстың даму бюджетінің 30% құрайды. Соның арқасында нысандардың қолжетімділігі, ең алдымен жол, су, жарық мәселесі шешілуде. Алакөлге дейінгі жол жаңғыртылып, Балқаш көліне дейінгі жол көлік қатынасы үшін ашылды, келесі жылы абаттандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін жол толық пайдалануға беріледі. Жасылкөлге дейінгі жолдың жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Биыл өңіріміздің тағы бір көрікті жері саналатын Бұрқанбұлақ сарқырамасына дейінгі жолдың құрылысы басталды. Сонымен қатар инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмыстары да жүргізілуде. Осылайша, біздің тарапымыздан туристік нысандарды қолжетімді ету мен саланы дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған тиісті жұмыстар жүргізілуде, - деді облыс әкімі.

Ол сондай-ақ жыл соңына дейін өңірде облыстық туризм басқармасы құрылып, аудан және қала деңгейінде туризм мамандарының саны артатынын хабарлады. Және де келесі шомылу маусымы басталғанға дейін Алакөл, Балқаш көлдері жағалауларының санитарлық жай-күйіне жауапты коммуналдық кәсіпорын құрылмақ. Осыған байланысты кадр мәселесі өзекті болып отыр.

– Бізге тіл білетін, туризмді дамытуға заманауи көзқарасы бар мамандар қажет. Осы мақсатта биыл Алакөл ауданындағы колледжде туризм мамандығы ашылды. Жетісу университетінде де осы бағытта мамандар даярлануда. Әрине, бұл – тек

бастамасы ғана. Білікті мамандарды тарту ісіне жергілікті туристік бизнес қауымдастығы да белсенді араласуы тиіс. Бізге аудармашылар, гидтер, менеджерлер, ұйымдастырушылар керек. Бұл – туризмнің табысты дамуының маңызды факторының бірі, – деген Б. Исабаев сөзді туризм саласына жетекшілік ететін орынбасары Әсет Қанағатовқа берді.

Өз сөзінде А. Қанағатов өңірде туризмді дамыту және проблемалық мәселелерді шешу бағытында қабылданып жатқан шараларға кеңінен тоқталды. Ол ең алдымен жол және инженерлік инфрақұрылымды дамыту басым бағыттардың бірі екенін атап өтіп, Алакөл мен Балқаш жағалауларында жүзеге асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық жобаларға, соның ішінде ретсіз құрылыстың алдын алу шараларына назар аударды. Алакөл жағалауының санитарлық жағдайы мен қауіпсіздікті, әсіресе судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

- Қабылданған шаралардың нәтижесінде өткен жылы Жетісу облысына 2 миллион турист келді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық. Сонымен қатар шетелдік туристер саны 63,6%-ға өсті. Инфрақұрылымның дамуы орналастыру орындарының көбеюіне, ақылы қызмет көлемінің артуына және тиісінше бюджет түсімдерінің өсуіне ықпал етті. Бұл көрсеткіштер туристер үшін өңірдің тартымдылығы артып келе жатқанын және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін айқын көрсетіп отыр, – деді А. Қанағатов.

Кездесуге қатысушылар да өз пікірлерін білдірді. Олардың арасында «Яхта» және «Тау Жетісу» демалыс аймақтары директорының орынбасары Давид Вишки бар:

– Биыл туризмге ерекше көңіл бөлінгенін сезіндік. Балқаш көліне баратын жолдың жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін



келушілер саны айтарлықтай артты. Сонымен қатар Текеліде біз паропланеризм бойынша бірнеше іс-шара өткіздік, оған әлемнің 50 елінен шамамен 400 ұшқыш қатысты. Бұл жұмысты келесі жылы да жалғастырамыз. Өз тарапымыздан біз инвесторларды тарту жұмысын атқарып жатырмыз. Бірлескен еңбегіміздің нәтижесі зор болатынына сенемін, өйткені біздің Жетісу көркем өрі сан қырлы, – деді Д. Вишки.

Өңірдің туристік қауымдастығының басқа да өкілдері өз сұрақтары мен ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, оларды Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын жолды жөндеу жұмыстарының аяқталу мерзімі, Текелі қаласында туризмді дамытуға арналған бірыңғай мастер-жоспар құру мүмкіндігі, инвесторларды тарту жұмыстары және салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары қызықтырды. Барлық сұрақтарға жан-жақты жауап берілді.

Қорытынды сөзінде өңір басшысы Бейбіт Исабаев:

– Бүгін сіздермен жақсы да ашық диалог болды деп есептеймін. Туризм – өңірде ауыл шаруашылығымен қатар тұратын басым бағыттың бірі. Алдымызда барлық мәселелерді 3 жылдың ішінде шешу ортақ міндеті тұр. Өз тарапымыздан біз қажетті жағдайларды жасап келеміз. Жетісу облысы туризм саласындағы мемлекеттік қолдауды ізгеру деңгейі мен тиімділігі бойынша республикада үшінші орында. Бизнес

қауымдастығы да өз тарапынан инвесторлар тартып, ілгерілету мен жарнамалау жұмыстарымен айналысуы керек. Осылайша күш-жігерімізді біріктіру арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін нәтижеге жете аламыз, – деп сөзін түйіндеді ол. Сондай-ақ ол жауапты тұлғаларға туристік нысандарды заңдастыру, кәсіпкерлердің адал қызметін ынталандыру, туристік инфрақұрылым жобаларын сапалы өрі уақытылы аяқтау, туризм басқармасын құру туралы бірқатар тапсырмалар берді.

Осы күні жиын аясында туризмді дамытуға үлес қосып жүрген ұйымдардың қызметі мен өнімдері ұсынылған көрме ұйымдастырылды. Өңірдің туристік мүмкіндіктері туралы «Visit Zhetysu» туристік ақпарат орталығының, «Қорғас» ШЫХО-ның, «Жоңғар Алатауы» және «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің өкілдері баяндады. Туристік клубтар, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм федерациясы және Текелі қаласындағы балалар - жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығы осы салада жеткен жетістіктерімен бөлісті. Сондай-ақ қолөнершілер мен кәсіпорындар өңірдің брендтік өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Көрме қатысушыларымен әңгімелескен облыс әкімі Бейбіт Исабаев олардың бәріне өңір туризмін дамытуға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ДЕНІ САУ ҰЛТ

НАШАҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру жөніндегі Жетісу облысының өңірлік ведомствоаралық штабының 3-ші отырысы өткізілді. Штаб отырысына облыстың ведомствоаралық комиссия мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары, басқарма басшылары және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты.



Отырыстың күн тәртібінде келесі сұрақтар қаралды:

► Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық штабтың 2025 жылдың III - тоқсанда (шілде-тамыз) атқарған жұмысын қорытындылау;

► Алкоголь мен есірткіге тәуелділікті қалыптастыру мен дамытудың ықтимал тәуекелдерін анықтау тұрғысынан психологиялық диагностика шеңберінде өңірдің оқу орындарының оқушылар арасында жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы;

► Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттары мен әлеуметтік желілерінде есірткіні қолданудың, олардың заңсыз айналымына қатысудың салдары туралы жарияланымдарды тұрақты орналастыруды қамтамасыз ету мониторингі туралы;

► Аталған мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың баяндамалары тыңдалып, нашақорлыққа қарсы шараларды күшейту, жастарды салауатты өмір салтына тарту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру бойынша нақты тапсырмалар беріліп, жоспарға сәйкес алдағы 4-ші тоқсанда атқарылатын жұмыстар жайлы нақты тапсырмалар берілді.

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру жөніндегі Жетісу облысының өңірлік ведомствоаралық штабы

МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕНДЕР ҚЫЗМЕТІ



Жетісу облысында өткен жарты жылда жылжымалы медициналық кешен (ЖМК) өңірдің 119 ауылды қамтыды. Бұл ретте оның көмегімен 58 мыңнан астам адам медициналық тексеруден өтсе, соның 2 мыңнан астамы бала.

Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, ЖМК автокөлігінде бірнеше кабинет қарастырылған, атап айтқанда жалпы дәрігерлік кабинет, кардиолог, офтальмолог, флюорография, оториноларинголог және дәріхана пункті, стоматолог, акушер-гинеколог, хирург, рентгенолог және функционалдық диагностика, зертханалық диагностика кабинеттері орналастырылған.

Жылжымалы медициналық кешен жыл сайын бекітілген кесте бойынша барлық ауылдарды аралап, дәрігерлер ауруларды ерте кезеңде анықтауға ықпал етеді.

Мәселен, Көксу ауданындағы мұндай кешен КАМАЗ автокөлігі базасында орналастырылған. Кешеннің жетекшісі Гүлжан Қорабаеваның айтуынша, өткен жылы осы автокөліктің көмегімен ауданда 14 383 тұрғын медициналық көмек алды. Ал осы жылдың сегіз айында 5456 адам медициналық тексеруден өткен.

- Ауыл халқының санына байланысты жылжымалы емхана әр елді мекенде бірнеше күн, кейде бірнеше апта бойы жұмыс істейді. Кешен

рентген, УЗИ, тіс емдеу, электрокардиография, офтальмологиялық аппараттармен, гинекологиялық орындықпен, зертханалық құралдармен жабдықталған. Алыстағы елді мекендердің тұрғындары тиісті мамандардан қажетті медициналық көмек алады, - деді Н. Қорабаева.

ЖМК-ның жұмысының халыққа тиімділігі жайлы жуырда кешен қызмет көрсеткен Мұқыры ауылының тұрғындары пікір білдірді.

– Дәрігерлер келгенін ести сала бірден тексерістен өтуге келдім. Өзім гипертониямен есепте тұрмын. Жылжымалы кешеннің арқасында ешқайда барудың қажеті жоқ, мұнда егде жастағы адамдар үшін қолайлы жағдай жасалған, – деді Жұмаділ Жолдыбаев.

Ауыл тұрғынының бірі Дилияра Юсупова да осындай пікірде:

– Мұның ыңғайлылығы сол, барлық мамандар бір жерде орналасқан. Биыл ауылдағы дәрігерлік амбулаториямыз да жаңартылды. Медицина мамандарының жетіспеушілігі мәселесін де шешілді, – дейді Мұқыры ауылының тұрғыны.

Атап өтсек, жергілікті дәрігерлік амбулаторияға жалпы практика дәрігері Салтанат Темірәлиева «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы келген. Жас маман бұл ауылға мемлекеттен 10 миллион теңге көлемінде бір реттік көтерме ақы алған.

– Өзім Қарағанды медициналық университетін бітіріп, Астанада интернатурадан өттім. Жолдасым осында аға фельдшер болып жұмыс істейді. Күн сайын шамамен ондаған пациентті қабылдаймыз. Амбулаторияға 3200 адам тіркелген. Менің басты міндетім – округ тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетіп, мүмкіндігінше аурудың алдын алу. Жалпы практика дәрігерлері тұтас отбасыларды бақылауға алады, біз педиатр немесе терапевт деп бөлінбейміз, бәрін білуіміз керек. Мемлекет тарапынан көрсетілген қаржылай көтерме ақы біздің жас отбасымыз үшін үлкен қолдау болды, - деді ол.

Ауыл тұрғындарына 8 ЖМК қызмет көрсетеді, оның 3-еуі КАМАЗ, 5-еуі автобус базасында орналастырылған.

Фото: Жұмабай МҰСАБЕКОВ
Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жетісу облыстық полиция департаментінде оқушылар мен студенттерге арнап таныстыру экскурсиясы ұйымдастырылды. Шараға Талдықорған қаласындағы №27, №30 мектептің оқушылары мен индустриялық колледждің білім алушылары қатысты.



Іс-шараның басты мақсаты – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі криминалистиканың рөлін кеңінен түсіндіру, заманауи тергеу әдістерімен таныстыру, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен осы бағыттағы сауаттылығын арттыру және болашақ құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби бағдарын қалыптастыру. Жиынға Жетісу облысы ПД Жедел-криминалистика басқармасы бастығының орынбасары Ишқов, Жедел-криминалистика басқармасының бас криминалисі полиция майоры Маржан Искакова, Талдықорған қаласының ПБ Жедел-криминалистика бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Тимур Көбегенов, Жедел-криминалистика басқармасы бөлім бастығы полиция подполковнигі Тимур Вайц арнайы қатысып, бірқатар өзекті тақырыптарға тоқталды. Экскурсия барысында қатысушылар криминалистикалық зертхананың жұмысымен, заманауи құрал-жабдықтарымен, дәлелдемелерді жинау

және сараптау әдістерімен жан-жақты танысты. Сонымен қатар жасөспірімдерге құқық қорғау органдарындағы қызметтің ерекшеліктері мен талаптары жөнінде мағлұмат беріліп, қылмыстың алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстар да түсіндірілді. Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор Бахтияр Жақсыгелдинов «Қоғам қауіпсіздігін сақтауда бұл мамандардың рөлі өте зор. Біз жастарға осы бағыттың маңызын түсіндіріп, олардың болашақ мамандық таңдауына бағыт-бағдар беруді көздейміз. Осындай таныстыру экскурсиялары жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін көтеріп қана қоймай, олардың бойында Отанға, заңға және адалдыққа деген құрметті қалыптастырады. Жастар үшін бұл кездесу кәсіби бағдар берумен қатар, олардың бойында өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз», – деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бағзы көшпенділік заманның өзінде ата бабаларымыздың нәізаның ұшымен, білектің күшімен қызғыштай қорғап, келешек ұрпақтарына мұра етіп қалдырған кең байтақ жерімізге тәуелсіздік таңы атқан шоқтан бастап, ұлтымыздың басты құндылықтары – тіліміз бен діліміздің де мәртебесі өсіп, кеңінен қолданысқа ие болғаны баршаға аян. Бұған Тәуелсіздік жылдарында ана тілдік кеңістікте көп жағдайлар өзгергені нақты дәлел бола алады. Сүйсінерлігі сол, ең бастысы егемендіктің елең-алаңында мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің қолданыс аясын кеңейте түсуге ықпал ететін құқықтық, заңдық негіздер қаланды. Соның арқасында асыл қазынамыздың мәртебесін арттыра түсу жолында арнайы мемлекеттік бағдарламалар да қабылданып, жүзеге асырылуда. Бұдан басқа да пәрменді шаралар тұрақты түрде қабылданып үстінде. Соның келгенде, сең сөгіліп, іс ілгері басты. Алайда, құқықтық және заңдық нормалардың толыққанды жұмыс істемеуінен қазақ тілінің бүгінгі қолданыс аясы көңіл толтырарлықтай емес екені аңғарылуда. Соның салдарынан мемлекеттік тілдің мәртебесін тиісті дәрежеге жеткізуге кейбір кемшіліктер қолбайлау болуда.

Мұндай мәселелерді алыстан арбаламай-ақ, сот жүйесіндегі тіл мәселерінің төңірегіндегі ахуалдан мысал келтіру арқылы тілге тиек етсек те жеткілікті. Мұндай келеңсіз көріністерді күнделікті жұмысымызда аз кездестіріп

жүрген жоқпыз. Өкінішке орай, мұндай кемшіліктер сот процесі барысында көзге ұрып тұрады. Мәселен, заң талаптарына сай сотқа арыз қай тілде түссе сот ісін жүргізу сол тілде өткізілетіні баршаға аян. Сондықтан сот ісін жүргізу тілін судья арыз берушінің берген тіліне байланысты тағайындайды. Ал, енді істі мәнісі бойынша талқылау барысында жаңағы орыс тілінде арыз жазып отырған адамның сол тілді жетік меңгермегені анықталып шыға келеді де, ол менің заңды құқығым деп заңға сілтеме жасап, аудармашы тағайындауға өтініш білдіреді. «Арызды неге орысша жаздыңыз?» дегенінде, «Заң көмегін көрсетуші өкіл жазып берді, мен көшіріп алдым да қолымды қойдым», деп ағынан жарылады. Қылмыстық істерде де, тергеушілер тарапынан сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында дәл осындай жағдайларға жол беріліп жататыны да құпия емес. Осындай тәсілді кейбір адвокаттар да өздеріне жүгінген қарапайым халыққа қатысты қолданатыны да белгілі. Мұның бәрі сайып келгенде, азаматтың құқығына нұқсан келтіру болып табылады ғой. Өйткені, өзіне көмек сұрап жүгінген қарапайым адамның заң тұрғысындағы сауатының таяз екенін пайдаланып, оны айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізетіндер бұл жерде ең бастысы өз мүдделерін ойлап, өздері жақсы меңгерген тілінде арыз шағымды толтыруға тырысқанды емес пе. Ал, егер сол жерде азаматқа өзі білетін тілде арыз жазуға құқылы екенін түсіндіріп, заң кеңесін санасына сіңірсе нұр үстіне нұр болар еді ғой. Онда біріншіден мемлекеттік тілде қаралатын істер саны анағұрлым арта түссе, екіншіден процеске қатыстыру үшін аудармашы іздеп, табылмай жатса істі кейінге қалдырып, созбалаңға салу орын алмас еді.

Жадыра ЕРМҰХАМЕД,
Жетісу облысы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық соты
әкімшісінің бас маманы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде ауыл шаруашылығы саласын дамытуға арналған баспасөз мәслихаты өтті. Онда саланың қазіргі жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы Жетісу облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Данияр Искаков мәлімдеді.



Ауыл шаруашылығы тұрақты мемлекеттік қолдау мен инвестициялық бас-тамалардың нәтижесінде жаңа деңгейге көтерілу үстінде. 2025 жыл осы бағыттағы шешуші кезең болмақ. Мәселен, «Ауыл Аманаты» бағдарламасына республикалық бюджеттен 2,5 млрд теңге бөлінді. Бүгінде 342 өтінім келіп түсті, құжаттарды қабылдау жалғасуда. «Әкімдер мектебі» жобасы аясында 2025-2029 жылдарға арналған 608 инвестициялық жоба әзірленіп жатыр.

Субсидияландыру саясаты да қайта қаралып, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне бөлінетін қаржы икемді түрде жоспарлануда. 2024 жылы бөлінген қаражат көлемі 3,1 млрд теңгеге жетсе, биыл 464 өтінім бойынша 3,4 млрд теңге резервке қойылған. Бұл қаржыны тиімді басқарудың нақты көрсеткіші.

Өсімдік шаруашылығын қолдауда дақылдарға берілетін субсидия жалғаса-

ды. Жетісу облысында қайта өңдеуге тапсырылған 1 тонна өнім үшін белгіленген мөлшер: қант қызылшасы – 25 мың теңге, дәндік жүгері – 12 мың теңге, майлы дақылдар – 6 мың теңге, қарақұмық – 8 мың теңге.

Мал шаруашылығын дамытуға 3,6 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде биыл асыл тұқымды ірі қара сатып алуға 586,5 млн теңге бөлінді. Соның нәтижесінде облыстағы мал басы 2,7 млн басқа жетіп, жылдық өсім 8-10 пайыз деңгейінде сақталуда.

Жоспарланған шаралар бордақылау алаңдарын кеңейтуге, сүт фермаларын дамытуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу қуатын арттыруға бағытталған. Барлық бастамалар аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етпек.

Арай НҰР

КАРТОП ЖИНАУ НАУҚАНЫ

Биыл Жетісу облысында 130 мың тонна картоп жиналады деп күтілуде. Қазір науқан қызу жүріп жатыр, бүгінге орташа өнімділік гектарына 213,4 центнерге жетті, бұл өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 5 центнерге жоғары.



Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, облыста 6250 гектар жерге картоп егілді. Соның бүгінгі күнге дейін 65,5 % жиналып, 87,5 мың тонна өнім жинауға құйылды.

Картоп жинауға Ескемді ауданының шаруашылықтары да белсене кіріскен. Бұл ауданында биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 53 408 гектар болса, соның 1116 гектарына картоп себілген, сол қатарда «Нам» шаруа қожалығының алқабы да бар.

- Біз тәлімі бидай, қант қызылшасын, картоп, соя мен жүгері де өсіріп отырмыз. Биыл картопты 50 гектарға ектік. Жинау жұмыстарына 2 картоп жинайтын комбайн тартылып, 30 адам жұмыс істеп жатыр, ал жалпы тұрақты жұмыспен 15 адам қамтылған. Бұл ретте мемлекеттен көрсетілетін қолдаудың маңызы зор. Мәселен, қант қызылшасының тұқымына және себуге, ал картоптың тұқымына субсидия аламыз, бұл әріне біз үшін шаруашылықты одан әрі дамытуға үлкен көмек. Өнімді өткізу де жолға қойылған, біздің картобымыз Талғардағы қытырлақ картоп шығаратын зауытқа, сол сияқты Талдықорғанның базарына жөнелтіледі, -

дейді шаруашылық жетекшісі Виктор Нам.

Аудандық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, шаруашылықтарға мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетілуде. Биылғы жылдың өзінде аудан шаруалары лизингге 56 жаңа техника сатып алған. Соның арқасында техникаларын жаңарту деңгейі 7,5% болып отыр. Жалпы бүгінгі күні ауданда 6 сервистік-дайындау орталығы жұмыс істейді. Қазіргі кезеңде күзгі жиын-терінге шамамен 153 тонна арзандатылған жанар-жағармай, 5 мың тоннадан астам минералды тыңайтқыш бөлінді. Сонымен қатар биылғы жылдың 7 айында ауданда 17,2 млрд теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген, бұл өткен жылдың деңгейінен 5,7% жоғары.

Жалпы, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы субъектілерін қолдауға 68 млрд теңге, соның ішінде субсидиялар, жеңілдетілген несиелер, сондай-ақ техника сатып алуға арналған лизинг қаражаты қарастырылған. Оның 14,3 млрд теңгесі «Кең дала» бағдарламасы аясында бөлінді.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі
Фото: Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ



Илияс САҒЫМБЕКОВ,
«Талдықорған қаласы ішкі саясат бөлімі»
ММ басшысы:

– Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы еліміздің жедел әрі инновациялық дамуына тың серпін беретіні сөзсіз. Бұл – жай ғана саяси мәлімдеме емес, Қазақстанның болашағына бағытталған нақты іс-қимыл бағдарламасы. Еліміз жаһандық өзгерістерге бейімделе отырып, өз қағидаттары мен құндылықтарына адалдығын сақтап келеді. Бұл бағыт тұрақты дамуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға берік негіз қалайды. Мемлекет басшысы соңғы жылдары Қазақстанда ауқымды реформалар іске асқанын атап өтіп, қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп іс атқару қажеттігін жеткізді. «Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымда және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық», — деді Президент. Меніңше Қазақстан жан-жақты жүзеге асырылатын саяси жаңғырудың нағыз үлгісін көрсетіп келеді.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНЕ ҚАДАМ

Қанат РЫСПЕКОВ,
Еркін ауылдық округінің әкімі:

– Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 қыркүйек күні Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын арнап, ел дамуының нақты бағыт-бағдарын айқындап берді. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп аталатын құнды арнауға халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқан айқын іс-шаралармен қатар маңызды міндеттерге тоқталды. Жаңа инвестициялық кезеңге бетбұрып, өңдеу саласына көбірек қаражат тарту-басты мақсат ретінде аталды. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажеттігіне назар аударып, бұл салада цифрлық технологияларды кеңінен қолдану айрықша маңызды деді. Алапқа қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болумен қатар, бұл аймақта цифрланған алғашқы қалаға айналуы тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап, тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек деді. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасына миллиондаған азаматтардың атсалысқаны үшін алғысын арнаған Президент тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру-өте маңызды міндет екенін айтты. Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет екенін еске салды. Ел қамы үшін атқарылып жатқан игі істер әрқашан табысты болсын.



ДАМУДЫҢ ДАҒҒЫЛ ЖОЛЫ

Жаннұр ӘБІШЕВ,
«Талдықорған қаласы спорт бөлімі» ММ
басшысы:

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы Жолдауда елдің болашағы мен дамуы үшін маңызды деген салалардың бірқатар бағыт-бағдарын айқындап, тұрақтылық пен әлеуметтік басымдықтарға тоқталды. Бәсекеге қабілеттілік жолында жұмысты жаңаша тәсілмен жүргізу барысында нақты тапсырмалар жүктелді. Ол өз сөзінде «Қазақстан жан-жақты, түбегейлі реформалардың арқасында дамудың дағғыл жолына түсіп келеді. Алда қарқынды жұмыс күтіп тұр. Біз бағдарымыздан айнымай, тек алға қадам басуымыз керек» - деді. Жылдың басты құжатында қоғам өміріне қатысты салалар қамтылды. Ендігі кезекте барлық реформаны салмақты көзқараспен, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек. Бұл дегеніміз – саяси реформа жасауда табандылық пен тәуекелділік керектігін анық аңғартады.



ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Руслан ОМАРОВ,
Талдықорған қаласының тұрғыны,
инженер-геодест:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ҚР Парламент палаталарының бірлескен отырысында халыққа дәстүрлі Жолдауын арнады. Еліміз үшін құнды құжатқа бағалана Жолдаудың әр бағыты біз үшін маңызды. Президент екінші бағытта тау-кен металлургиясының ел экономикасында ерекше орын алатынын атап, саланың даму әлеуетінің зор екенін айтты. Әсіресе, терең өңделетін өнімдерді шығаруға мол мүмкіндік бар дей келе, жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызының арта түскеніне тоқталды. «Геологиялық барлау жұмыстарын күшейту қажеттігін, цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жер қойнауының заманауи картасын жасайтын уақыт келді. Мұндай қадам кен орындарының әлеуетін жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін, ең алдымен жасанды интеллекттің енгізу арқылы жүйеліп цифрландыру керек. Геологиялық барлау және жер қойнауын игеру саласындағы реформалардың заң жүзіндегі және іс жүзіндегі рәсімдері жыл соңына дейін аяқталуы керек» — деген ойы көкейіміздегіні деп басқандай.

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ ҚАЛА – ҚАЙНАҒАН ТІРШІЛІК ОРДАСЫ

Осы аптаның сәрсенбісінде Талдықорған қалалық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті сессиясы өтті. Сессияның күн тәртібіне сай Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қалалық мәслихат депутаттары алдында өзіне жүктелген функциялары мен міндеттердің орындалуы жөнінде есеп берді. Сессия жұмысын қалалық мәслихат депутаты Гүлниса Тұлымшақова жүргізді.



Талдықорғанның күннен күнге серпін алып, Жетісудың нағыз бас қаласына айналып келе жатқанын байқаймыз. Қала басшысының мәслихат депутаттары алдында жасаған баяндамасы соны айғақтай түскендей. Қала халқының саны 200 мыңға жуықтады. Ал халық көбейген сайын сұраныс та, талап та күшейе түседі. Осыны ескерген қала басшылары тұрғындарға ең қажетті-қаланың инфрақұрылымын жетілдіріп, коммуналдық қызметті жылдан-жылға жақсартып келеді. Құрылыс қарқыны бір сәтке де толастаған емес. Ағымдағы жылға арналған бюджет қоржыны 74,7 млрд теңгені құраған. Бюджеттің өсуі қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жобалардың жүзеге асуына жол ашады. Әкім саралауына құлақ түрсек, бюджеттің негізгі баптары: әлеуметтік қамтамасыз етуге - 6,1 млрд теңге, коммуналдық шаруашылық саласына - 46,2 млрд теңге, көлік және коммуникацияларға - 17,6 млрд теңге қарастырылып, игерілуде. Өткен 8 ай ішінде өнеркәсіптегі өсім-107,6 млрд, бөлшек тауар айналымы - 103,3 млрд, ауыл шаруашылығында - 14,1 млрд теңгені құраса, құрылыс жұмыстарының көлемі - 1,5 есеге ұлғайып, қалаға 38,6 млрд теңгенің инвестициясы тартылған. Осы мерзім ішінде 62,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Сонымен қатар 2 жаңа өндіріс орны іске қосылып, 83 жаңа жұмыс орны құрылған. Шағын және орта бизнестен қаланың бюджетіне 15,7 млрд теңге түсіп түскен. Есепті кезең ішінде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау аясында 20 жоба субсидияланып, 22 жобаға кепілдік берілген. Қазіргі таңда аталмыш салада 38 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылған. Қаланың Бас жоспарына сәйкес Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданы мен Қаратал өзенінің оң жағалауын дамытуға ерекше басымдық берілуде. Жалпы осы жылы 175,0 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Өткен 8 ай ішінде барлығы 62,5 мың шаршы метр тұрғын үйде қоныс тойы тойланды. Сонымен қатар 2022 жылдан бері құрылысы тоқтап тұрған 204 коттедждің 97-сінің құрылысы өткен жылы аяқталса, биыл 107 коттедж қолданысқа берілмек. Қаратал өзенінің оң жағалауында 952 пәтерлі 18 несиелік тұрғын үй құрылысының жобалық құжаттамасы мен Оңтүстік-Батыс ауданның 11, 12, 13 шағын ауданында 774 пәтерлі 22 несиелік тұрғын үй құрылысының жобалық құжаттамасы дайындалуда. Коммуналдық шаруашылық саласын дамыту-кезек күттірмес іс.

Бұл ретте «Басқуат» қазандығының өндірістік қуатын тиімді пайдалану мен қазандықтың жүктемесін азайту бағытында шаралар қарастырылуда. Кварталдық қазандықтардың құрылысын жалғастыру, жылу желілерін қалпына келтіру, жылыту маусымына дайындықты қажетті деңгейде атқару ісі қарқынды жүргізіліп жатыр. Жаңа шағын аудандарды жағалай жүріп отырсаңыз, жанарыңыздың жауын алып, көңілге ерекше әсер ететін әдемі демалыс орындарын байқайсыз. Жуырда ғана «Құлагер» шағын ауданында саябақ пайдалануға берілсе, «Бірлік» шағын ауданында скверді абаттандыру жұмыстары аяқталуға жақын. «Ұлан» шағын ауданында да аула аумақтары абаттандырылды. Осы сынды жұмыстар «Жұлдыз», «Жетісу» шағын аудандарында да жалғасын тауып жатыр. Қала халқы бүгінде Біржан сал көшесінің бойындағы жаяу жүргіншілер жолын абаттандыру ісіне куә. Шаһарымыздың 39 көппәтерлі тұрғын үйлерінің шатырын және 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттерін жөндеу шаралары жалғасуда. «Ұлан» шағын ауданындағы 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін жөндеу үшін 4 мердігер ұйыммен келісімшарт жасалған. Жол инфрақұрылымын жетілдіру барысында атқарылған шараларға тоқталған Ернат Дүйсенбекұлы, биылғы жылы 75,7 шақырым жолды жөндеуге барлығы 10,7 млрд теңге бөлініп, игеріліп жатқанын жеткізді. Оның ішінде 51 көшеге жаңа жол құрылысы, 28 көшенің жолына күрделі жөндеу, тағы 28 көшенің жолына орташа жөндеу жұмыстары қолға алынған. Ірі жобалар қатарында «Оңтүстік-Батыс», «Солтүстік-Батыс», «Жастар-1», «Жастар-3» тұрғын аудандарына жаңа жол құрылысы жүріп жатса, «3-бөлімше», «Шығыс» шағын ауданы, «Жастар-2» тұрғын ауданы мен Еркін ауылының «Көктал» тұрғын ауданында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде, 91 пайыз жолдың жағдайы жақсарады. Қала тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен қамту 98 пайызды құраса, газбен қамту - 90,3 пайыз. Қала 100 пайыз электр желілерімен қамтылған. Қала көшелерін жарықтандыру - 65 пайыз. Бұл әкім баяндамасында аталған көрсеткіштер. Сессия барысында халық қалаулылары қала әкіміне өздерін толғандырған сауалдарын қойып, толыққанды жауаптарын алды. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің қызметтік жұмысына «қанағаттанарлық» деген бағаларын берді. Қалалық мәслихат сессиясында басқа да түрлі мәселелер қаралып, шешімдер қабылданды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

БРИФИНГ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Талдықорған қаласында газдандыру жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Қаланың көгілдір отынға қосылуы 2016 жылы басталып, алғашқы тұрғындар 2017 жылы газға қол жеткізген болатын. Нәтижесінде қала тұрғындарының 90 пайызы газбен қамтылып, 38 547 абонент көгілдір отынға қосылды.

Бүгінде газдандыру кезек-кезеңімен жүргізілуде. 2022 жылы Пригородное, Ынтымақ ауылдары мен 3-бөлімшеде 2106 тұтынушыға газ тартылса, 2023 жылы тағы 5493 абонент, соның ішінде «Ұйтас» саяжай қоғамы, «Жастар-2» және Ынтымақ шағын ауданы қосылды. 2024 жылы 830 үй, оның ішінде Мойнақ ауылындағы 220 үй газға қол жеткізді. Ал биыл «Жастар-3» ықшам ауданына 25 газ желісі тартылып, пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, газ қауіпсіздігіне ерекше

мән берілуде. 2025 жылдың ақпанында мониторингтік топ құрылып, жыл басынан бері тұрғындар арасында 22 түсіндіру шарасы өткізілді. Газ жабдықтырын пайдалану ережесін бұзған бірнеше нысан мен жеке тұлғаларға әкімшілік шара қолданылды. Бұған қоса, көпқабатты үйлерді сұйытылған газдан табиғи газға көшіру жұмыстары жүріп жатыр. Жыл басынан бері 10 үй қосылып, «Бірлік» шағын ауданындағы 21 тұрғын үйді газдандыру жалғасуда.

Қалада газдандырумен қатар жаңа цифрлық сервистер де таныстырылды. Оның бірі – EGOV Mobile қосымшасындағы «Әлеуметтік әмиян» сервисі. Ол әлеуметтік көмек алушыларға газға жеңілдікті электронды ваучерлер арқылы рәсімдеуге мүмкіндік береді. Қағаз құжаттарды жинауды қажет етпейтін жүйе уақыты үнемдеп, рәсімнің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді. 2025 жылдың шілдесінен бастап ел бойынша 9,5 мыңнан астам ваучер беріліп, 204 мың газ жеңілдікпен таратылды.

Екіншісі – «QazaqGaz Aimaq» мобильді қосымшасы, ол тұтынушыларға газ есептегіш көрсеткіштерін онлайн беруге жағдай жасайды. Бақылаушының келуіне немесе байланыс орталығына қоңыраусыз, кез келген жерде смартфон арқылы қолжетімді сервис деректердің дұрыстығын автоматты тексеріп, тарихын сақтайды. Бүгінде 157 мыңнан астам тұтынушы қосымшаны қолданып, тамыз айында ғана 60 мыңнан астам көрсеткіш енгізілген.

Мамандардың айтуынша, газдандыру жұмыстары мен жаңа цифрлық шешімдер тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырып, қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Арай НҰР



ТАЛДЫҚОРҒАН ТЫНЫСЫ «ҚҰЛАГЕР» ШАҒЫН АУДАНЫНДА ЖАҢА САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес «Бірлік» және «Құлагер» шағын аудандарында жаңа демалыс аймақтарын салу бойынша ауқымды жобалар қолға алынған болатын. Биыл осы жобалар сәтті жүзеге асып, тұрғындардың игілігіне берілуде. Осы орайда Қала күні қарсаңында «Құлагер» шағын ауданында жаңа заманауи саябақтың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл – қала тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне, балалар мен жастардың тоза ауада демалуына қолайлы орын болмақ.

Аумағы 1,2 гектарды құрайтын саябақ заманауи талаптарға сай жасақталған. Мұнда автоматты суару жүйесі орнатылып, жасыл газон төселген, аумақ толық көгалдандырылды. Күз айында саябаққа 200-ден астам ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Олардың басым бөлігін ақжайың мен қарағай секілді жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар құрайды. Бұл өз кезегінде қала экологиясын жақсартып, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыруға септігін тигізеді. Айта кетерлігі, саябақта



қалада алғаш рет ерекше нысан – «Фрегат» балалар ойын кешені орнатылған. Бұл кешен сәндік элементтері мен зеңбіректері бар фрегат үлгісінде жасалған, модульдік құрастырмалы-жиналмалы құрылым болып табылады. Ол балалардың ойын арқылы дамуына, қиялын шыңдауға және белсенді демалуына мүмкіндік береді.

Салтанатты шарада сөз алған қала әкімі Ернат Дүйсенбекұлы «Қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, балалардың таза ауада серуендеп, спортпен айналысуына мүмкіндік жасау – біздің басты мақсатымыз. Алдағы уақытта да жаңа демалыс орындарын көбейту бойынша жүйелі жұмыстар жалғасады», –

деп атап өтті. Жергілікті тұрғындар да «Жаңа саябақтың ашылуы қала тұрғындарының әлеуметтік және мәдени өміріне тың серпін беретін маңызды қадам. Бұл біз үшін үлкен қуаныш» – деп ризашылықтарын білдірді.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

«БІРЛІК» ШАҒЫН АУДАНЫНДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Бірлік» шағын ауданындағы №7, 9, 10 және 11 үйлердің тұрғындарымен кездесіп, олардың көкейкесті мәселелерін тыңғоды.

Кездесу барысында тұрғындар табиғи газға қосылу, аула аумағын абаттандыру және қоғамдық көлік қажеттілігі сияқты бірқатар маңызды мәселелерді көтерді.

Қала басшысы әрбір сұрақты мұқият тыңдап, нақты жауап берді. Өзекті мәселелердің бірқатарын жеке бақылауына алып, оларды шешу жолдарын жауапты мекемелерге қарастыруды тапсырды.

Айта кетейік, биыл аталған шағын аудандағы газбен қамту мәселесі толық шешімін табады. Сонымен қатар, келесі жылы аула аумағы заманауи талаптарға сай абаттандырылмақ.

ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ НЫСАНДАРЫНДА



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қала аумағындағы бірқатар маңызды құрылыс және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

«Құлагер» шағын ауданы

Әкім алдымен бұл ауданда қарқынды жүріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы мен скверді аралап көрді. Құрылыс жұмыстарының сапасы мен белгіленген мерзіміне ерекше назар ауда-

рып, жауапты мердігер ұйымдарға нақты тапсырмалар берді.

«Жетісу» және «Жұлдыз» шағын аудандары

Бұл шағын аудандарда аулаларды абаттандыру жұмыстарының барысы тексерілді. Әкім орын алған бірқатар кемшіліктер бойынша ескерту жасап, оларды қысқа мерзімде жоюды тапсырды.

Көркем гимнастикаға арналған спорт кешені

Қазіргі таңда құрылысы қызу жүріп жатқан жаңа спорт кешенінің алаңына арнайы барды. Бұл нысан балалар мен жастарға арналған заманауи спорт инфрақұрылымы ретінде жоспарланған.

Рүстембеков көшесі

Аталған көшенің 4 шақырым бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қала әкімі жұмыс барысын көзбен көріп, мердігерлерге жұмыс қарқынын күшейтуді және сапаны басты назарда ұстауды тапсырды.

Қала әкімінің нысандарды аралауы атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына мән беру, кемшіліктерді дер кезінде жою тапсырып, қатаң бақылауға алуды міндеттеді.

ТҰРҒЫНДАРҒА ШЛАГБАУМ БОЙЫНША ТҮСІНДІРУ

Талдықорған қаласында төтенше жағдай кезінде өрт сөндіру техникаларының кедергісіз кіруін қамтамасыз ету мақсатында, қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы мен тұрғын үй инспекциясы бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында жүргізілген тексеру барысында заңсыз орнатылған 8 блок, 12 қолмен ашылатын шлагбаум, 1 автоматты қондырғы анықталды.

Нәтижесінде заңсыз бөгеттер алынып тасталып ПИК (Пәтер иелері кооперативі) және МИБ (Меншік иелерінің бірлестігі) төрағаларына арнайы ескертулер берілді. Сонымен қатар, шара барысында шлагбаумдарды орнату тәртібі мен өрт қауіпсіздігі талаптары кеңінен түсіндірілді.

Жұлдыз АСҚАРОВА, тұрғын үй инспекциясы бөлімінің сектор меңгерушісі:

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

«BIKEN FEST» ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ

Қала төрінде сан қырлы өнер мен сахналық шеберліктің мерекесіне айналған «BIKEN FEST» III-халықаралық театр фестивалі өз мәресіне жетті. Ұлы сахна саңлағы, Қазақстанның халық әртісі, КСРО және Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері Бикен Румованың есімін ұлықтауға арналған өнер доғасы Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен және Бикен Румова атындағы драма театрының ұйымдастыруымен өтті.



Биылғы фестивальдың салмағы да, сәні де бөлек болды. Себебі ол театр ұжымының 50 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп, қыркүйектің 13-17 күндері аралығында көрермен жүрегіне жаулап, өңірдің мәдени өміріне айрықша серпін берді.

Қазылар алқасына Қазақстанның халық әртісі, сахна мен экранның майталманы Досхан Жолжақысов төрағалық етті.

«Бұл фестиваль – өнерпаздың еңбегі еленіп, көрерменнің ықыласы бағаланатын сәт. Біз қойылымдарды жанрлық ерекшелігі мен мазмұнына қарай сараладық, бірақ ең алдымен актерлердің жүректен шыққан шынайы ойынына назар аудардық. Заманауи режиссерлердің батыл шешімдері мен актерлердің шынайы бейнелері қуантты. Тоғыз қойылымның әрқайсысында жүрекке әсер еткен сәттер болды. Әділқазылар алқасы ретінде біз барынша әділ болуға тырыстық. Қалай десек те, халықаралық деңгейдегі бұл фестиваль – ұлт руханияты үшін үлкен мереке», – деп Досхан Қалиұлы өз пікірін білдірді.

Сыншылар шешімімен бас жүлде – 1 миллион теңге сыйақымен Абай облыстық қазақ музыкалық драма театрына берілді. Олар ұлы ақын мұрасынан нәр алған «Абай айтқан Еңлік-Кебек» қойылымын сахналап, фестивальдің биік мәртебесіне лайық өнер көрсетті.

Сонымен бірге, «Үздік пластикалық режиссура» аталымында Өзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры «Чарли Чаплин» қойылымымен ерекшеленіп, 600 000 теңге сыйақы иеленсе, Ақмола облыстық драма театрының актері Төлеубек Көңбай «Киотоға жол» спектакліндегі бірнеше кейіпкерлерді шебер сомдағаны үшін «Ең үздік ер адам бейнесі» номинациясы мен 500 000 теңге сыйақыға ие болды. Ал нәзік сезім мен терең толғанысты сахнада өрнектей білген Өзірбайжандық актриса Оксана Расулова «Бейтаныс әйелдің хаты» қойылымындағы рөлі үшін «Ең үздік әйел адам бейнесі» аталымын жеңіп 500 000 теңге сыйақы алды.

Өзбекстаннан келген Бұхара мемлекеттік музыкалық драма театры ұжымдық орындауымен дараланып, «Үздік актерлік ансамбль» жүлдесі мен 500 000 теңге сыйақы иеленді. Қырғыз актері Нұрлан Салидинов пен грузин актрисасы Кристине Беруашвили екінші пландағы үздік бейнелері үшін 300 000 теңгемен сыйақымен марапатталды. Ал сахналық шешімдерімен көрерменді баураған Шымкент пен Шығыс Қазақстан театрлары «Үздік музыкалық безендіру» және «Үздік сценография» номинациялары мен 200 000 теңге еншіледі.

Фестивальдің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы, сахна шеберлерінің өнерге деген адалдығы мен шабытты ізденістері қазақ театр өнерінің көзкейігін кеңейтіп қана қоймай, Бикен Румова есімін мәңгілік ел жадында жаңғыртты. «BIKEN FEST» осылайша рухани жаңғырудың жарқын айғағына айналып, өнерсүйер қауымның жүрегінде ұзақ сақталмақ.



ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР БАСТАМАЛАРЫНА ҚОЛДАУ

Облыс орталығы Талдықорғанда қала әкімі Ернат Бәзіл шаһардың іскер әйелдер қауымдастығының өкілдерімен кездесті. Жиын барысында шағын және орта бизнесті дамыту, кәсіпкер әйелдердің бастамаларын қолдау және бизнес жүргізудегі өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

Кездесу барысында қауымдастық мүшелері өздерінің қолға алып жатқан тың бизнес-жобалары жайында айтып, кәсіпкерлік саласында кездесетін түйткілді мәселелерді көтерді.

Қала әкімі Ернат Бәзіл өз сөзінде әйел кәсіпкерлердің қала экономикасын дамытудағы рөліне ерекше тоқталып, олардың белсенділігіне жоғары баға берді. Сонымен қатар, әкімдік тарапынан бизнес бастамаларына әрдайым қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті.

Ернат Бәзіл, қала әкімі:

— Шағын және орта бизнес ел дамуының қозғаушы күші. Біз сіздердің жобаларыңызды жүзеге асыруда әкімдік тарапынан барынша қолдау көрсетуге дайынбыз, — деді.



Қала әкімдігі мен іскер әйелдер қауымдастығы арасындағы мұндай кездесулер кәсіпкерлік саласының дамуына оң ықпал ететіні сөзсіз.

«MISS TALDYQORGAN – 2025»

АЛИНА НҰРАХМЕТОВА – ЖЕҢІМПАЗ

Облыс орталығы Талдықорғанда Қала күні қарсаңында көпшілік асыға күтетін дәстүрлі «MISS TALDYQORGAN – 2025» сұлулық байқауының ақтық кезеңі өтті.



Биылғы байқауға 30-дан астам ару өтініш білдіріп, олардың арасынан 15 бойжеткен ақтық сынға жолдама алды. Бұл сұлулар алдын ала іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өтіп, финалға өткен үздіктер қатарынан табылды.

Байқаудың басты ерекшелігі — «MISS KAZAKHSTAN-2025» сұлулық байқауының PR-директоры Құралай Құрманнның арнайы келіп, әділқазылар құрамынан табылып, құрметті қонақ ретінде қатысуы болды. Құралай өз сөзінде аруларға шабыт беріп, бойжеткендерге сәттілік тіледі.

Сұлулық сайысында әр қатысушы бас жүлдеге лайық екенін дәлелдеуге тырысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ақылына көркі сай аруларды іріктеуде қазылар алқасына шешім шығару оңайға соқпаған.

Әділқазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге 17 жастағы Алина Нұрахметова лайық деп танылып, жеңімпаз атанды. Ол 500 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйлыққа ие болды. Сонымен қатар, енді Алина Жетісу облысының атынан республикалық деңгейде өтетін «MISS KAZAKHSTAN» байқауында өнер көрсететін болады.

Сайыс соңында сөз алған Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков барлық қатысушылар мен демеушілерге алғыс білдіріп, жеңімпаздарға арнайы марапаттарын табыстады.

Айта кетейік, «MISS TALDYQORGAN – 2025» сұлулық байқауына арнайы келген қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары – «KeshYOU» тобы аруларға қолдау көрсетіп, танымал әндерінен шашу шашып, жиналған жұртшылыққа ерекше көңіл-күй сыйлады.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



АРХЕОКЕШЕНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КВЕСТ

Мемлекет басшысы күні кеше жариялаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында экология мәселесіне ерекше тоқталып өткендігі мәлім. «Қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегі болуы керек» деп былтырған бері «Тазы Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатқандығын және бұл бастама ел ішінде жаппай қолдау тауып келетіндігін атап өткен болатын.

Тазалық шарасының мақсаты азаматтардың экологиялық жауапкершілікті ойлауын қалыптастыру, отансүйгіштік, табиғатты аялау мәдениетін дамыту, сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қоғамның белсене қатысуын арттыру болып табылады. Бұл орайда тазалық мәдениетін әрбір азаматтың, әсіресе, жас ұрпақтың санасына сіңіру өзекті екендігі анық. Акция аясында, Қала күні қарсаңында жергілікті маңызы бар қорғалатын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізілген «Қызылтас–Тасбақа» шатқалында экологиялық квест өтті. Жаңашыл форматтағы шара жастар мен жасөспірімдерге қоршаған орта мен табиғат тазалығының маңыздылығын көрсете отырып, оған өз үлестерін қосуға ықпалдасуды көздейді. Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков «Тазы Қазақстан» бағдарламасы тек бір реттік акция емес, ол еліміздің экологиялық қауіпсіздігі мен келешек ұрпақтың аманатына жауапкершілікпен қараудың айқын көрінісі. Бұл бастама күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналып, әр азаматтың табиғатқа деген құрметін, жауапкершілігін арттыруы тиіс. Өткен тарихымызға, ата-баба аманатына құрмет көрсету – ұлт болмысының негізі. Осы орайда қаламыздың іргесіндегі «Қызылтас – Тасбақа» шатқалы тек табиғаттың ғана емес, тарих пен мәдениеттің де қайнар көзі, ұлттық рухымыздың айнасы болып табылады. Сондықтан табиғатты аялау, тарихи орындарды қорғау әрқайсымыздың азаматтық парызымыз, ұрпақ алдындағы борышымыз. Бүгінгі шараға қатысып, өз ісімен өнеге көрсеткен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздердің белсенділіктеріңіз - қоғамға үлгі», - деп алдағы уақытта да мұндай игі бастамалар жалғасын табатындығын атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

Талдықорғанда «Тазы Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Төтенше жағдайлар департаменті кең ауқымды сенбілік ұйымдастырды.



Аталған шара қоршаған ортаны тазарту, экологиялық мәдениетті арттыру және қоғамға үлгі болу мақсатында өткізілді.

Сенбілікке департамент қызметкерлерінен 150 адам қатысты. Қатысушылар арнайы белгіленген аумақтарда тазалау жұмыстарын жүргізіп, табиғатты қоқыстан тазартуға белсене атсалысты.

Нәтижесінде, бір күннің ішінде 200 текше метрге жуық қатты тұрмыстық қалдық жиналып, шығарылды.

— Мұндай акциялар тек тазалық үшін емес, адамдардың экологиялық сана-сезімін ояту үшін де қажет. Әрбір азамат өз айналасын таза ұстауға жауапты екенін түсінуі керек. Біз бұл жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыра береміз, — деді қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Айта кетейік, «Тазы Қазақстан» — елімізде бірнеше ай бойы жалғасатын кең көлемді экологиялық бастама. Ол арқылы мемлекеттік мекемелер, еріктілер және жергілікті тұрғындар бірігіп, қоршаған ортаны жақсарту ісіне үлес қосуда.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Кез келген тамақтану орны тағамдарының сапасына қарап бағаланады. Бүгінде әр адам асхана, дәмханаларға барғанда дәмді тіл үйіретін асты талғаммен таңдайды.

Алпысбаева Айман Қалиқызы басқаратын «Алпысбаева» ЖК қарасты асханада ұсынылған тағамдар дәмділігімен, әралуандығымен ерекшеленеді. Халыққа қызмет жасағалы өткен он жылдың ішінде мұнда көпшіліктің талғамы мен талабына сай ас әзірлеу мәдениеті қалыптасқан. Алтын қолды аспаздардың маңдай терімен дайындаған астары көз тартарлықтай әдемілігімен де тәбетінді аша түседі. «Асхананың жүрегі-аспаз» деп бекер айтылмаған. Дина Жүнісбекованың негізгі мамандығы-қобызшы болса, Гүлнар Көмекова — медбике, Сандұғаш Намазбекқызы — тігінші. Үш жеке мамандық иесін бір арнада тоғыстырған шығармашылық зор ізденіс пен еселі еңбекті талап ететін — аспаздық. Олар бұл мамандықты өз қызығушылықтары арқылы меңгерген. Адамдарға адал ас ұсынар алдында әр тағамды шынайы ниетпен, зор



сүйіспеншілікпен әзірлеуге баса мән береді. Сондықтан да болар, ұсынатын дәмдері көпшіліктің көңілінен шығып, ел алғысына бөленуде. Бағасы да қолжетімді. Қызықты әрі күрделі саланы серік еткен аспаздардың отбастарына амандық, істеріне береке, ұжымға табыс тілейміз.

Өз тілшіміз

ТАҒАМДАРЫ ТІЛ ҮЙІРЕР АСПАЗДАР

ПРЕСС-ТУР

ПРИБЫЛЬ НУЛЕВАЯ, НО РАБОТА БОЛЬШАЯ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по области Жетісу Министерства национальной экономики РК с участием представителей СМИ и общественности провел пресс-тур на ГПП «Талдыкоргантеплосервис».

Руководитель департамента Думан Калибеков отметил, что мероприятие нацелено на ознакомление с субъектом естественных монополий в части исполнения им своих обязательств в рамках инвестиционной программы на 2020-2025 годы и тарифной сметы.

Приветствуя гостей, руководитель ГПП «Талдыкоргантеплосервис» Манархан Ахимбеков рассказал, что на 2025 год в инвестиционной программе утверждено 264,2 млн тенге.

«Из них 71,9 млн тенге – это возврат заемных средств по программе «Нұрлы жол», полученных 15 лет назад. Поэтому остается порядка 190 млн тенге. Конечно, этого мало, и мы вынуждены выполнять ремонтные работы на гораздо большую сумму. Если мы их не проведем, то зимой будут проблемы», – подчеркнул он.

Куда направлены средства? Прежде всего, на капитальный ремонт двух водогрейных котлов – ВК-1, ВК-3 и котельно-вспомогательного оборудования на котельной «Баскуат». К слову, из четырех водогрейных котлов на полную нагрузку работают три котла, оставшийся в резерве подклю-

чается при понижении температуры до минус 15 градусов Цельсия.

«На квартальных котельных и насосных станциях мы провели только текущий ремонт. На одной из малых котельных полностью заменили два водогрейных котла. Отмечу, что котлы мы изготавливаем сами. В целом, тендера на производство работ мы не проводим, так как все необходимые работы проводятся силами работников нашего предприятия», – отметил Манархан Ахимбеков.

Кроме этого, заменяется порядка 6 км тепловых сетей различного диаметра. В августе, когда на десять дней была приостановлена подача горячей воды, проводились гидротиспытания тепловых сетей атмосферным давлением 1,25 от рабочего давления – 7,5. Сети нагрузку выдержали, соответствующие акты составлены.

Также было приобретено и заменено нужное оборудование. Одним словом, на 1 сентября текущего года указанные работы выполнены на 85%, и полностью будут завершены до начала отопительного сезона.

По топливно-энергетическому



ресурсу: заготовлено 46 тыс. тонн угля, которых хватит до нового года; 2300 тонн мазута, на подходе – 1800 тонн; проведен тендер на получение 15 тонн гилуфера, из них 4 тонны уже доставлены, остальная часть – по графику.

Говоря о самом предприятии, Манархан Ахимбеков отметил, что основной вид деятельности ГПП «Талдыкоргантеплосервис» – производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией. Объединяет в своем составе 10 котельных общей мощностью 457,95 Гкал/час, с загруженностью на 95%. Так, котельная «Баскуат» несет 70% всей нагрузки города Талдыкорган, пять квартальных котельных, работающих на газе, – по 5-6% нагрузки. На четырех малых котельных, расположенных в

аэропорту, селе Еркін, коттеджном городке и по улице Алимжанова, применяется ручной труд. Также в различных частях города расположены 6 насосных станций. Имеющиеся тепловые сети составляют 179,3 км.

На предприятии работают порядка 850 человек, среднемесячная заработная плата – 220 тысяч тенге.

Есть и свои вспомогательные службы: ремонтно-строительный участок для поддержания зданий и сооружений в рабочем состоянии, ремонтно-механический цех для изготовления запасных частей на собственных станках; автохозяйство для ликвидации аварийных ситуаций и производства ремонтных работ; аварийная служба, занимающаяся устранением или ло-

кализацией аварийных ситуаций в жилом массиве.

«Конечно, очень большая проблема – это тариф. Имеющийся у нас на сегодня был принят пять лет назад. А с подьёмом тарифа на электроэнергию, соответственно, растут цены на ГСМ, трубы и другие материалы. Так что наше предприятие прибылью не имеет, она нулевая. Сейчас мы подготовили заявку в антимонопольный комитет, который будет рассматривать тариф на следующие пять лет, а пока будем работать по старому и делать все, чтобы предстоящий отопительный сезон прошел без внештатных ситуаций», – добавил руководитель ГПП «Талдыкоргантеплосервис».

ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

КУПИТЕ УГОЛЬ УЖЕ СЕГОДНЯ!

С каждым днем осень все заметнее напоминает о скором приходе холодов. В Жетісу проходит ответственная пора – формирование запасов угля, чтобы предстоящая зима прошла для населения в тепле и комфорте.

По информации управления энергетик и жилищно-коммунального хозяйства, на предстоящий отопительный сезон 2025–2026 годов потребность населения области в угле составляет 397 тысяч тонн (с месторождения «Каражыра» – 161,5 тыс. тонн, с месторождения «Шубарколь» – 235,5 тыс. тонн).

Заготовительные работы уже идут: по данным акиматов районов и городов, на сегодняшний день заготовлено 152,1 тысячи тонн, что составляет 38% от необходимого объема.

Из этого количества 129,7 тысячи тонн уже реализовано населению, еще 22,4 тысячи тонн находятся в запасе на складах и угольных тупиках. Всего в области функционируют 43 угольных пункта, включая 35 тупиков и 8 складов.

Совместно с АО «НК «КТЖ – Грузовые перевозки» ведется ежедневный мониторинг поставок. В среднем в область доставляется 24 вагона в сутки, что составляет около 1 656 тонн угля. Из них 15 вагонов поступают с месторождения «Шубарколь» и 9 – с «Каражыра». Для удаленных районов, где нет железнодорожного сообщения, организована доставка автотранспортом.

Что касается Талдыкоргана, то по информации отдела жилищно-коммунального хозяйства, потребность города на зиму составляет 65,6 тысячи тонн угля. Здесь действуют 12 угольных тупиков. Средняя цена за тонну угля составляет 20 500 тенге для «Каражыра» и 22 500 тенге для «Шубарколь».

С 1 мая этого года население уже реализовано 18 956 тонн угля – это 29% от общей потребности. В запасе города также имеется 4,9 тысячи тонн твердого топлива.

Чтобы удостовериться в информации, мы на днях посетили три угольных тупика в Талдыкоргане, расположенных по улице Ракишева и Желтоксан. Ни на одной из них угля не было. Как сообщили реализаторы, товар поступит сегодня-завтра: на Ракишева, 10, ожидается пять вагонов из Семипалатинска, на Желтоксан, 238, – четыре вагона.

«Семипалатинский уголь («Каражыра») стоит 20200 тенге за тонну, шубаркольский – 20500 тенге. Поступает он ежене-



дельно. Сейчас население, кому необходимо это топливо, активизировалось, так как зима уже не за горами. Но, как вы видите, нет ни людей, ни очереди автотранспорта, то есть, как раньше, ажиотажа нет, потому что многие жители перешли на природный газ», – отметили они.

Последние слова подтверждает житель Талдыкоргана Айдын Т.: «Наш отец живет в селе Алгабас Коксуского района. В прошлом году, когда в село провели газ, мы первым делом провели его и в дом отца. Всю зиму он провел в тепле, чистоте и комфорте, не переживая о том, что надо заготовить уголь и каждый день топить печь. Даже для бани ему достаточно дров. Так что сейчас в нашем селе есть все удобства, как в любом другом городе, и это классно».

Но есть и населенные пункты, куда газ еще не дошел, но придет в скором времени.

«У нас пока газа нет, поэтому в конце августа мы купили пять тонн угля на нашем «пятачке» по 30 тысяч тенге за тонну, – рассказывает жительница села Кабанбай Алакольского района Наталья С. – Если не хватит, то потом докупим «свежий», потому что впрок заготавливать не выгодно – уголь разлагается быстро. Видимо, поэтому жители и не покупают его летом, только по мере необходимости. Помню, в былые времена, особенно перед холодами, уголь раскупался быстро, приходилось ждать поступления, искать транспорт, договариваться, стоять в очереди. Сейчас, к счастью, это время ушло».

Одним словом, блага цивилизации, в нашем случае в виде природного газа, убрали проблему приобретения угля. Тем не менее, жителям, все еще топящим печь, необходимо поторопиться: зима не за горами, да и уголь поступает в регион не ежедневно, а раз в неделю.

«ОДНО СЕЛО – ОДИН ПРОДУКТ»

ОПРЕДЕЛЕНА ТРОЙКА ФИНАЛИСТОВ



Проект «Одно село – один продукт», реализуемый с целью поддержки сельского предпринимательства, показывает реальные результаты. Основная цель инициативы – превратить продукцию, соответствующую особенностям каждого села, в бренд, поддержать местных предпринимателей и повысить доходы сельских жителей.

Данный проект выводит на рынок уникальные товары, которые помогают возродить традиционные хозяйства и ремесла в селах. Это способствует развитию сельской экономики и сохранению национальных ценностей. Социальная значимость проекта также велика: он открывает новые рабочие места, привлекает женщин в предпринимательство, мотивирует молодежь оставаться в селе и вносить вклад в процветание родного края. Кроме того, местная продукция становится брендом региона и дает импульс развитию туризма.

Напомним, ранее в июле этого года на площадке Палаты предпринимателей области Жетісу была проведена выставка проекта «Одно село – один продукт». На ней были представлены изделия предпринимателей из разных уголков края: эко-продукты из натурального молока жительницы Сарыозека Татьяны Юрчук, ювелирные украшения талдыкорганки Меруерт Нуржахановой, кондитерские изделия жительницы Жансугурова Бибигуль Мырзабековой. Также на полках можно было увидеть мед из Лепсы, чай из

лекарственных трав, растущих в Сарканских горах, колбасные изделия ИП «Али-Ко» из Талдыкоргана, серебряные украшения ИП «Жения» из Ушарала и другие товары. По итогам выставки были определены 10 претендентов.

И вот 16 августа также при Региональной палате предпринимателей прошел финальный этап в формате защиты проектов перед членами бренд-комитета, главным требованием которого стало то, что продукция должна быть местного происхождения и иметь высокое качество и уникальность. Каждый участник рассказал историю создания своего продукта и постарался подчеркнуть его особенности. При отборе финалистов комиссия опиралась на выдвинутые требования и критерии проекта.

По итогам заседания бренд-комитета победителями этого года стали: Бибигуль Мырзабекова из Аксуского района (кондитерские изделия и натуральный хлеб без дрожжей), Наталья Костицына из Коксуского района (пчеловодство и производство меда) и Татьяна Юрчук из Кербулакского района (молочные продукты и сыроделие).

В целом, все проекты, представленные на выставке-ярмарке, заслуживают внимания, ведь за каждым из них стоит упорный труд, настойчивость и преданность делу. В завершение мероприятия собравшиеся поздравили победителей, поблагодарили их за вклад в развитие экономики страны и выразили пожелание достойно представить область Жетісу на республиканском уровне и выйти на международный.

Фото Д. ЕРОФЕЕВА

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

ЕЛ МҮДДЕСІ ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДЕН ЫРЫС КЕТПЕС

Тәуелсіздік тұғырының мықты болуы жолында қаншама қиындықтар еңсеріліп, кедергілер жойылды. Қазақстанда түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астындағы отбасындай тату-тәтті, берекелі өмір сүруге.

Елдің ішкі жағдайы мен оның сыртқы бейнесі қоғамдық келісімге және азаматтар арасындағы бейбіт қарым-қатынастарға негізделген. Халқымыздың барлық ұлттар мен ұлыстарға өзіндей қарауы татулықтың кепіліне, тұрақтылықтың кілтіне айналғаны шындық. Мұның бәрі берекелі бірлік пен еселі еңбектің арқасында. Әлемде түрлі жағдайлар тіркеліп, сын-қатерлер орын алуда. Біздің бағытымыз бен мақсатымыз айқын. Біртұтас ел болып, тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолы-



на түскен мемлекетіміздің бүгіндегі басты бағыты-халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, жастардың болашаққа нық қадам басуына сенім ұялату. Егер, қандайда бір ұлттың әлеуметтік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер тіркелсе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 174-бабына сай мұндай әрекеттер қылмыс ретінде қарастырылып, жаза тағайындалады. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз берекер айтпаған. Сондықтан да мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығын, ұлтаралық және діни төзімділігін сақтап қалу жолында аянбай еңбек ету біздің міндетіміз.

Рақым ТҰРЛАНОВ,
Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



ЖАҢА АВТОБУС БАҒЫТЫ АШЫЛДЫ

Талдықорған қаласында жаңа бағытта қатынайтын №27 автобус өз қызметін бастады.

№27 бағыттағы автобус Ынтымақ тұрғын үй алабынан басталып, «Бірлік», «Құлагер» «Мүшелтой», «Болашақ» және «Жастар» шағын аудандарын және қала орталығының бірқатар маңызды көшелерін басып өтеді. Соның ішінде Гаухар ана көшесі де бар.

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше,

бүгіннен бастап бұл бағытта әзірге 4 автобус қызмет көрсетеді. Егер тұрғындар тарапынан сұраныс жоғары болса, қосымша тағы 4 автобус қосу жоспарланып отыр.

Еске салайық, қала әкімі Ернат Бәзілдің тапсырмасына сәйкес, тұрғындардың жүріп-тұруын жеңілдету мақсатында биылғы тамыз айынан бастап Гаухар ана көшесінде екі бағыттағы көлік қозғалысы ашылған болатын.

Айта кетейік, бұл бағытта шығатын автобустардың барлығы «Yutong» маркалы жаңа заманауи автобустар.

ЭЛЕКТРОСАМОКАТТАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ТҰРАҚ

Талдықорғанда электросамокаттарды бейберекет қою мәселесін шешу және жолдағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында алғаш рет жаңа тұрақ жүйесі енгізілді.

Бұл бастама облыстық Полиция департаменті, кикшеринг компаниялары және жергілікті билік өкілдерінің бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде жүзеге асырылуда. Бүгінде қала бойынша 19 арнайы тұрақ орны белгіленіп, тұрғындар мен қонақтар үшін электросамокаттарды қауіпсіз әрі үй ретімен қою мүмкіндігі туды.

Мамандардың айтуынша, бұрын самокаттар жаяу жүргіншілер жолында, тротуарда немесе көше жиегінде еркін тасталып, қозғалысқа кедергі келтіретін еді. Жаңа тұрақтар сол құқықбұзушылықтарды азайтып, қала көшелерінің тазалығын жақсартып, жаяу жүргіншілердің қасында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Әкімдікпен облыстық полиция органдары азаматтарды электросамокаттарды тек арнайы белгіленген орындарда қалдыруға шақырады.



Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ

№8 орта мектептің мәжіліс залында Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының бастамасымен, Талдықорған қалалық білім бөлімінің қолдауымен, аталмыш мектептің ұйымдастыруымен мектеп Президентін сайлау өтті.



Шараға Жетісу облысы аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Бейсенов Самат Сұлтанбекұлы, Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Рымтаев Әділет Рымтайұлы, Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Меліс Маржан Махаббатқызы, комиссия хатшысы Кузубаев Расул Нихмаджанұлы, Жетісу облысы білім басқармасы «Әдістемелік орталығы» тәрбие бөлімінің әдіскері Джакубаева Ұлжанат Әуелханқызы,

жаңадан құрылған болашақ жас сайлаушылар клубының мүшелері және №386 сайлау учаскесінің төрағасы Долаев Самғат Садырбайұлы қатысып, қатысушы кандидаттарға сәттілік тіледі. Мектеп Президентіне кандидат ретінде 8 үміткер қатысты. Өрбір кандидат өздерінің сайлауалды бағдарламаларын әзірлеп, сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сайлауда мектептің 8-11 сынып оқушыларынан құралған сайлаушылар өз таңдауларын жасады.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 2-тарауына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру бойынша көпшілік тыңдау өткізеді:

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Әулиеағаш	Атауы жоқ №23 жаңа көше	Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан «Береке» тұрғын үй алабы
2.	Кемеңгер	Атауы жоқ №1 жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысында орналасқан (3 бөлімше)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылғы 23 қыркүйек, сағат 17:00.

Өтетін орны: Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Желтоқсан көшесі, 7 СТ-Е үй, №30 орта мектеп.

Осыған орай, қала тұрғындарын аталған көпшілік тыңдаулар жұмысына қала тұрғындарының белсенді түрде қатысуларын сұраймыз.

Анықтама телефондары:

«Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» ММ-нің ж. т.: 24-01-84

«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің ж. т.: 24-13-48

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

В соответствии с главой 2 Приказа Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года №211 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории при наименовании, переименовании административно-территориальных единиц, составных частей населенных пунктов, а также уточнении и изменении транскрипции их наименований» Постоянной комиссией Талдыкорганского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры» проводятся публичные слушания по присвоению наименований составным частям города Талдыкорган:

№	Новое название	Прежнее название	Описание
1.	Әулиеағаш	Новая улица №23 без названия	Жилой массив «Береке», расположенный в юго-западной части города Талдыкорган
2.	Кемеңгер	Новая улица №1 без названия	3-отделение, расположенное в юго-западной части города

Дата и время проведения: 23 сентября 2025 года, 17:00 часов.

Место проведения: г. Талдыкорган, Отенский сельский округ, с. Ынтымак, ул. Желтоқсан, д. 7 СТ-Е, средняя школа № 30.

В связи с этим, просим жителей города принять активное участие в работе публичных слушаний.

Телефоны для справок:

ГУ «Аппарат Талдыкорганского городского маслихата»: 24-01-84

ГУ «Отдел культуры и развития языков города Талдыкорган»: 24-13-48

Постоянная комиссия Талдыкорганского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры»

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ КЕЗЕКТІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Талдықорған қаласындағы Қорғаныс істері жөніндегі басқармада 2025 жылғы күзгі әскерге шақыру науқаны аясында шақыру комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Іс-шара Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары, шақыру комиссиясының төрағасы Жеңіс Андабековтың төрағалығымен ұйымдастырылды. Комиссия отырысында әскери қызметке шақырылған азаматтардың дәрігерлік тексеру нәтижелері қаралып, олардың денсаулық жағдайына байланысты әскери қызметке жарамдылық дәрежесі анықталды.

Күзгі шақыру науқаны аясында мерзімді әскери қызметке жарамды деп танылған 7 азамат ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне жіберіледі. Ал әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтарға қатысты заңнамаға сәйкес шақырудан босату туралы тиісті шешімдер



қабылданды.

Айта кетейік, 2025 жылдың көктемгі шақыру науқанының қорытындысы бойынша Талдықорған қаласынан 183 азамат мерзімді әскерге шақырылған болатын. Жалпы күзгі шақыру науқаны барысында қала бойынша 200 азаматты мерзімді әскери қызметке шақыру жоспарланған.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

АЙБЫН



ШЕКАРАШЫЛАР ЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшілері Б.Момышұлы атындағы мектептің оқушыларымен кездесті.

Шара «Ерлік сағаты» форматында өтіп, жасөспірімдерге Отан қорғаудың маңызы, шекарашы мамандығының ерекшеліктері және батыр Бауыржан Момышұлының ерлік жолы туралы кеңінен әңгімеледі.

Кездесу барысында оқушылар әскери қызметке қызығушылық танытып, шекарашыларға сұрақтар қойды. Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді арттыруға және елге адал қызмет етуге тәрбиелеуге бағытталған.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының «Жас шекарашы» жоспарына сәйкес, Алмалы елді мекеніндегі Елтіңді батыр атындағы мектепте іс-шара өтті.

Кездесу барысында шекарашылар оқушыларға Отан қорғаудың маңызы, Шекара қызметінің

ерекшеліктері туралы әңгімелеп, әскери-патриоттық тәрбиеге бағытталған дәріс оқыды. Сонымен қатар жоғары әскери оқу орындарына түсу тәртібін түсіндірді. ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсу туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Шара жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты нығайтып, шекараны күзетуге деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталды.

АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Қорғас» шекара бөлім бастығының орынбасары майор Қайсар Рахметчаев Қорғас орта мектебінің оқушыларымен кездесті.

Кездесу барысында майор Қайсар Рахметчаев ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсу мүмкіндіктері мен тәртібін түсіндіріп, әскери қызметтің маңыздылығы мен шекарашы мамандығының ерекшеліктерін кеңінен әңгімеледі.



Шараның негізгі мақсаты - жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық тәрбие беру, болашақ шекарашыларды даярлауға қызығушылықты арттыру және жоғары әскери оқу орындарына оқуға түсуге ынталандыру.

«ЖАС ШЕКАРАШЫ» ҮЙІРМЕСІ



Сабақ «Жас шекарашы» үйірмесі аясында ұйымдастырылып, оқушыларға шекара қызметінің мән-маңызы, әскери өмірдің ерекшеліктері және Отан қорғаудың абыройлы міндет екені түсіндірілді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Қорғас» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары аға лейтенант Санат Әбеуов Қорғас орта мектебінің оқушыларымен кездесті.

Бұл іс-шара жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге, ел шекарасын күзетуге деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

БІР СХЕМА – ТҮРЛІ СЦЕНАРИЙЛЕР: АЛАЯҚТАРДЫҢ ЖАҢА АЙЛАЛАРЫ

Қазақстан азаматтары банк қызметкері, құқық қорғау органдарының өкілі атынан қоңырау шалатын жалған хабарламаларға немесе «картаңыз бұғатталды» деген SMS-терге үйреніп қалған. Алайда алаяқтар бір орында тұрған жоқ: олардың әдістері барған сайын күрделене түсуде. Бүгінде SMS-кодты тікелей сұраудың орнына қашықтан қол жеткізу технологиялары қолданылуда. Fingramota.kz жаңа схемалар туралы және олардан қалай қорғану керектігін түсіндіреді.

ҚАУІПТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазір қылмыскерлер SMS-кодты тікелей айтуды сұрамайды. Олар жәбірленушіні экранды көрсетуге немесе AnyDesk, TeamViewer сияқты қашықтан басқару бағдарламаларын орнатуға иландырады.

Сылтаулары әртүрлі болуы мүмкін: «құрылғыны тексеру», «өтінішті толтыруға көмектесу», «техникалық ақауды жою». Жәбірленуші келісіп, қосылым орнатқаннан кейін оның телефонына мемлекеттік қызметтер порталына кіру немесе операцияны растау үшін код келеді. Адам кодты ауызша айтпаса да, алаяқтар экраннан көріп, оны ақша аудару немесе өзге де заңсыз әрекеттер үшін пайдаланады.

Бұл әдістің қауіптілігі – жәбірленуші өз құрылғысын толық бақылауды қылмыскерлерге беріп қойғанын аңғармай қалады. Осы сәтте алаяқтар банк картасының деректерін, жеке кабинеттерге кіруді, қосымшалардағы мәліметтерді көре алады.

Бейнеқоңыраулар арқылы жасалатын схемалар да кең таралуда. Жәбірленушіге мессенджерде «курьер» немесе «оператор» болып хабарласады, сенім ұялату үшін бейнеқоңырау ашады. Сол уақытта бейнежазба жасап, қашықтан қол жеткізуге немесе экранды жазуға рұқсат сұрайды.

Алынған кодтар мен деректерден бөлек, жазбаларды да кейін жәбірленушінің туыстары мен таныстарын алдау үшін қолданады. Бұл үшін алаяқтар «deepfake» технологиясын пайдаланып, өзін шынайы адам ретінде көрсетеді.

ЕСКІ, БІРАҚ ӘЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ ТӘСІЛДЕР

Жалған интернет-дүкендер мен онлайн-сауалнамалар өзекті болып қала беруде. Адамдарға арзан бағада тауар ұсынады да, алдын ала төлем алғаннан кейін жоғалып кетеді. Кейде «сыйлық береміз» деп анкета толтыруды сұрайды, бірақ карта деректері мен CVV-кодты енгізуді талап етеді. Бұл деректердің өзі-ақ шотты босатуға жеткілікті.

Классикалық әлеуметтік инженерия әдістері де танымал: жалған сайттар арқылы фишинг, зиянды ресурстарға апаратын QR-кодтар, нөмірді ауыстырып қоңырау шалу, белгілі тұлғаның бейнесін көрсетіп, ақша салуға шақыратын дипфейктер.

Сондай-ақ «қайтадан алдау» тәсілі де жиі кездеседі: бұрын зардап шеккендерге «ақшаны қайтарып береміз» деп хабарласып, сенімге кіреді. Нәтижесінде бұл жаңа алдау әрекетіне айналады.

Әдістер әртүрлі болғанымен, мақсат ортақ: адамды сендіріп, өз қолымен алаяқтарға қаржылық ресурстарға жол ашу.

Өзіңізді алаяқтардан қалай қорғауға болады



01 Син тұрғысынан ойлау

Әрқашан ақпаратты қайта тексеріңіз, тіпті қоңырау шалған адам өзін банк қызметкерімен немесе мемлекеттік орган өкілімен деп таныстырса да



04 CVV мен SMS-кодтарыңызды ешқашан жария етпеңіз

Бұл деректер – сіздің ақшаңыздың кілті. Егер оларды сұраса, бұл – жүз пайыз алаяқтық



02 Бөтен бағдарламаларды орнатпаңыз

Ешбір банк немесе мемлекеттік орган AnyDesk, TeamViewer немесе қашықтан басқару үшін басқа қосымшаларды жүктеп алуды сұрамайды



05 Жақындарыңызға қамқор болыңыз

Ата-әжелеріңізге түсіндіріңіз: полиция да, банктер де ешқашан ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуды талап етпейді



03 Ұқыптылық, егжей-тегжейлерге назар аудару

Сайттар мен интернет-дүкендерді тексеріңіз: шынайы компаниялар тек ресми домендерді және қауіпсіз төлем тәсілдерін қолданады



ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ

Негізгі қорғаныс құралы – сыни ойлау және сақтық.

► Бейтаныс адамдардың өтініші бойынша телефонға немесе компьютерге ешқашан қосымша бағдарлама орнатпаңыз. Егер қоңырау шалушы өзін банк немесе мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырса да, есте сақтаңыз: ресми ұйымдар экран көрсетуді немесе қашықтан басқару бағдарламасын орнатуды талап етпейді.

► Бейтаныс интернет-дүкендерден тауар сатып алмас бұрын немесе сауалнамаға қатыспас бұрын ақпарат көзін мұқият тексеріңіз. Шынайы компаниялар тек ресми сайттар мен сенімді төлем жүйелерін пайдаланады. CVV-кодты енгізу немесе SMS жіберуді сұрау – алаяқтықтың айқын белгісі.

► Жақындарыңызға, әсіресе егде жастағыларға ескертіңіз: полиция да, банк те, мемлекеттік орган да ешқашан «қауіпсіз шотқа» ақша аударуды талап етпейді. Күмәнді қоңырау алсаңыз, бірден тұтқаны қойып, ұйымның ресми сайтындағы байланыс нөміріне өзіңіз қоңырау шалыңыз. ► Қосымша қорғаныс ретінде цифрлық құралдарды пайдаланыңыз: екі факторлы аутентификация, транзакциялар бойынша push-хабарламалар, күрделі құпиясөздер. Бұл әдістер күдікті әрекеттерді дер кезінде байқап, алаяқтарды тоқтатуға мүмкіндік береді.

Ең бастысы: егер сіз алаяқтардың құрбаны болсаңыз, уақыт жоғалтпаңыз. Банкке және полицияға неғұрлым тез хабарлассаңыз, қаражатты тоқтатуға немесе ізін кесуге мүмкіндік жоғары болады.

Жаңа алаяқтық схемаларын бақылап отырыңыз, олардан қорғану жолдарын біліңіз және Fingramota.kz-пен бірге қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!



ОҚУШЫЛАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Оқу жылы басталғалы бері ата-аналар балаларына қандай тегін медициналық қызметтер көрсетілетінін білгісі келеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бұл туралы түсініктеме дайындады.

рентген, КТ, МРТ және т.б.);
► Күндізгі стационар;
► Тәулік бойғы стационар;
► Оңалту қызметтері;
► Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (аурулардың тізімі бойынша);
► Жоғары технологиялық медициналық көмек.

«Мектеп медицинасы» деген не?

Бұл – білім беру ұйымдарында мектеп және мектепке дейінгі балаларға көрсетілетін медициналық көмек. Оған балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту, аурулардың алдын алу және олардың денсаулық жағдайын

динамикалық бақылау кіреді.

Мектеп медицинасына келесі қызметтер кіреді:

► Алдын ала медициналық қарауларды жүргізу;
► Оқу және демалыс уақытындағы сауықтыру іс-шаралары;
► Аурулардың алдын алу;
► Денсаулықты нығайту және дұрыс тамақтануды насихаттау;
► Репродуктивті денсаулықты қорғау;
► Психикалық денсаулықты қорғау, суицид, темекі шегу, есірткі мен улы заттарға әуестік, ойынға тәуелділіктің алдын алу;
► Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес вакцинация жүргізу;
► Алдын ала қараулар нәтижесі бойынша оқушыларды терең медициналық тексеруге жолдау;
► Санитарлық ережелерді сақтау.

Бұл қызметтер мектеп орналасқан аумақта тиесілі емхана арқылы көрсетіледі. Мектептердегі медициналық пункттер оқу жылы барысында балаларды медициналық қызметкерлер бақылап, уақытылы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

«Кейде бізге ата-аналардан балаларын рұқсатсыз басқа медициналық ұйымға тіркеп қойғаны туралы шағымдар түседі. Мұндай пікірдің пайда болуына себеп – жүйеде баланың басқа емханадан медициналық қызмет алғаны туралы ақпараттың көрінуі. Алайда іс жүзінде бұл қызметті баланың оқып жатқан мектебіне қызмет көрсететін емхана көрсеткен», – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Сол себепті ата-аналар кейде балаларына қатысты көрсетілген медициналық қызметті білмей, оған жүгінбегенін айтып жатады. Мұндай қызметтер туралы ақпарат скрининг және қосымша диагностикалық шаралар толық аяқталғаннан кейін, кейде баланың жасы жеткеннен кейін ғана базада пайда болуы мүмкін (мысалы, баланың жасы жетіге толмаған болса да, ол бірінші сыныпта оқитын болса, скрининг нәтижелері бала туған күнінен кейін енгізіледі).

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ТАМАҚТАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тамақтан улану – белгілі бір микроорганизмдермен жаппай ластанған немесе құрамында микробтық немесе микробтық емес сипаттағы улы заттар бар тағамдарды тұтынумен байланысты аурулар. Тамақтан улануға ботулизм, стафилококкты токсикоз, сондай-ақ химиялық заттармен-ауыр металдармен, пестицидтермен және т.б. ластанған тағаммен улану жатады.



Қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды мұлтіксіз орындау тиіс, олардың негізгілері:

► мектеп асханасы қызметкерлері, педагогикалық және қызмет көрсетуші персонал жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтауға міндетті;

► асхананың үй-жайларын, тамақтанатын залды күнделікті тазалау, жуу және дезинфекциялау құралдарымен өңдеу;

► тыйым салынған тамақ өнімдерін санитариялық ережелермен белгіленген өндіруге және сатуға жол берілмейді;

► тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары өндіруші (дайындаушы) белгілеген жарамдылық мерзімдері мен сақтау шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс;

► тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады;

► тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау төмен температуралы тоңазытқыш жабдықтарында температуралық сақтау режимін сақтай отырып жүзеге асырылады;

► қоғамдық тамақтандыру орындарында шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің ағындарын бұзбайтын технологиялық процестердің реттілігі (ағыны) қамтамасыз етілуі керек;

► медицина қызметкері күнделікті дайындалған тағамның сапасын күнделікті бағалайды.

► білім беру объектілерінің қызметкерлері мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері жұмысқа қабылданғаны туралы белгісі бар медициналық тексеруден уақытылы өту керек;

► асхана жұмысшыларының қолдарында тері аурулары, сондай-ақ науқастармен немесе тасымалдаушылармен байланыста болған адамдар тиісті медициналық тексеруден өткенге және дәрігердің қорытындысын алғанға дейін жұмысқа жіберілмейді;

► сонымен қатар, асхананың бөлме жайлары мен қоймаларында жәндіктер мен кеміргіштердің болуына жол берілмейді;

► тамақтану объектілерінде жәндіктер мен кеміргіштерге қарсы дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар жүргізілуі қажет.

Ұйымдастырылған ұжымдардағы тамақтандыру объектілерінің қызметінде санитариялық ережелердің талаптарын сақтау БҰЛ - жаппай тамақтан улануды болдырмауға көмектеседі!

Ж. ҚАСЕН,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
Г. БАЙМҰКАШЕВА,
жетекші маман

МЕНИНГОКОКК ИНФЕКЦИЯСЫ

Менингококк инфекциясы бактериялармен қоздырылатын жімі инфекциялық ауруы, түрлі клиникалық көріністерімен – симптомсыз тасымалдау, назофарингит (мұрын және жұтқыншақ қабынуы), менингит (ми қабықтарының қабынуы) және менингококк сепсисі (қанзақымдануы) өтеді.

Ауру адамдар мен сау тасымалдаушылар инфекция көзі болып табылады, яғни клиникалық көріністері жоқ, бірақ олар менингококк тасымалдаушылары болады.

Менингококк инфекциясы аурушандығы кезеңдігімен сипатталады - қыста және ерте көктемде аурушандық жоғары.

Алдын алу:

► Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде қатаралдық құбылыстармен (тамақ қызарып, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) дәрігерге көріну қажет, оның барлық ұсыныстарын орындаңыз;

► Түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға, жүзу бассейндері, сауда-ойын-сауық орталықтарында ойын алаңдарына баруды шектеу, жеке гигиенаны сақтау қажет.

► Ғимараттарды жиі желдету.

► Созылмалы инфекция ошақтарының санация жүргізуі маңызды, балалар жасында бұл жиі ЛОР-органдарына қатысты, сондықтан мүмкіндігінше алдын алу мақсатында балаларды оториноларингологтарға тұрақты апару тиіс.

► Тек қайнаған немесе бөтелкедегі суды ішу қажет.

► Тону, ашығу, ұйқысыздық, стресс және т. б. аулақ болу.

► Ауруды әрқашан емдегеннен алдын алған жеңіл екендігін есте сақтау қажет!

Ж.ҚАСЕН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
Р.МЕЙНБЕКОВА, бас маман

ЭНТЕРОВИРУС ЖҰҚПАСЫ

Энтеровирусты инфекция – вирусты ішек инфекцияларының тобына кіретін жұқпалы ауру. Энтеровирустық инфекциялардың берілуі нәжіс-ауыз (су, тағам және тығыз қарым-қатынас арқылы) және ауа-тамшы жолдары (жетел) арқылы жүзеге асырылады.

Энтеровирусты инфекцияның алдын алу шаралары кез келген жіті ішек инфекциясы кезіндегі шараларға ұқсас – мынадай қағидаларды сақтаған жөн:

► тек қана қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;

► тамақ ішер алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен жуу, жеке және қоғамдық гигиена қағидаларын қатаң сақтау;

► жеміс пен көкөністі пайдаланар алдында оларды мұқият жуу және кейіннен қайнатылған сумен шаю;

► ресми рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу, шомылу кезінде суды жұтпауға тырысу;

► азық-түлікті сатуға рұқсат етілмеген жерлерден сатып алмау.



Емдеуден гөрі қарапайым профилактика шараларын сақтай отырып, аурудың алдын алу жеңіл екендігін есте ұстаңыз!

Ж.ҚАСЕН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
А.РИНАС, жетекші маман

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Көкжөтел – балалар арасында жиі кездесетін жұқпалы аурулардың бірі. Оны Bordetella pertussis бактериясы қоздырады. Аурудың негізгі белгісі – ұзақ уақытқа созылатын ұстама тәрізді қатты жөтел. Бұл ауру әсіресе нәрестелер мен жас балалар үшін қауіпті, себебі тыныс алу жетіспеушілігі мен асқынулар туғыруы мүмкін.

Көкжөтелдің даму кезеңдері:

1. Катаральды кезең (1–2 апта): тұмауға ұқсас белгілер – мұрын бітелу, түшкіру, әлсіз жөтел, дене қызуының сәл көтерілуі.

2. Спазмдық кезең (2–6 апта): ұстама тәрізді қатты жөтел пайда болады. Науқас демін тартып, ысқырық тәрізді дыбыс шығарады. Жөтелден кейін құсуы мүмкін.

3. Реконвалесценция кезеңі (2–3 апта): жөтел

біртіндеп азаяды, бірақ бірнеше аптаға дейін сақталуы мүмкін.

Көкжөтелдің алдын алудың ең сенімді жолы – вакцинация. Қазақстанда балаларға АҚДС (көкжөтел, дифтерия, сіреспе) егілетін ұлттық күнтізбе бойынша міндетті түрде салынады. Сонымен қатар, ауру адамды сау балалардан оқшаулау, жеке гигиенаны сақтау маңызды.

Көкжөтел – алдын алуға болатын қауіпті ауру. Уақытылы вакцина алу, дұрыс күтім жасау арқылы оның таралуын азайтуға болады. Әсіресе кішкентай балалардың өмірін сақтап қалуда вакцинацияның рөлі зор.

Ж.ҚАСЕН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.
А.НҰРАХМЕТ,
жетекші маман



Талдықорғанда Қала күні қайда баруға болады

Куда можно сходить в Талдықоргане на День города

КҮНДІЗГІ БАҒДАРЛАМА 12:00-16:30

- ▲ «Бриллиант» шығармашылығы мен модель мектебі тәрбиеленушілерінің өнері;
- ▲ Қаламыздың дамуына үлесін қосқан азаматтарды марапаттау рәсімі;
- ▲ Фокусниктер мен иллюзионистер;
- ▲ Клоундар;
- ▲ Оригиналды жанрдағы шоу.

БАҒДАРЛАМАДА 12:00-22:00

- ▲ Ұлттық сахна (Мемлекеттік Ту алаңы)
 - Дәстүрлі әншілердің концерттік бағдарламасы;
 - Инструменталды музыка;
 - «Жетісу сазы» этно-фольклорлық ансамблінің өнері.
- ▲ Жастарға арналған аймақ
 - Лаунж-кеңістік;
 - Крафт ойындары;
 - Белсенді ойын-сауық.
- ▲ Балалар аймағы
 - Батуттар, ойындар, көңілді аниматорлар.
- ▲ Шеберлер жәрмеңкесі:
 - Ағаш және былғары бұйымдары;
 - Ұлттық ешекейлер;
 - Жергілікті қолөнершілердің туындылары.
- ▲ Фуд-корттар және аспаздық аймағы
 - Кеуап фестивалі – қаламыздың үздік мейрамханаларының дәмді тағамдары.

ДНЕВНАЯ ПРОГРАММА 12:00-16:30

- ▲ Выступления воспитанников творческой и модельной школы «Бриллиант»;
- ▲ Церемония награждения граждан, внесших вклад в развитие нашего города;
- ▲ Фокусники и иллюзионисты;
- ▲ Клоуны;
- ▲ Шоу в оригинальном жанре.

В ПРОГРАММЕ 12:00-22:00

- ▲ Национальная сцена (площадка возле Государственного флага)
 - Концертная программа традиционных исполнителей;
 - Инструментальная музыка;
 - Выступление этно-фольклорного ансамбля «Жетісу сазы».
- ▲ Зона для молодежи
 - Лаунж-пространство;
 - Крафт-игры;
 - Активные развлечения.
- ▲ Детская зона
 - Батуты, игры, веселые аниматоры.
- ▲ Ярмарка мастеров:
 - Изделия из дерева и кожи;
 - Национальные украшения;
 - Работа местных ремесленников.
- ▲ Фуд-корт и гастрономическая зона
 - Фестиваль шашлыка и вкусные блюда от лучших ресторанов города.

ВЕЧЕРНЯЯ ПРОГРАММА 16:30-22:20

- Главная сцена парка «Жастар»
 - Выступление звезд казахстанской эстрады
 - Нурболат Абдуллин (Nurbullin)
 - Адеми (ADEMI)
 - Балжан Бидаш (Bidash)
 - Олжас Абай (OSHOOUU)
- В завершение праздника - красочный фейерверк и выступление диджея Slash.

КЕШКІ БАҒДАРЛАМА 16:30-22:20

- «Жастар» саябағының бас сахнасы алаңында
 - Қазақстан эстрада жұлдыздары
 - Нурболат Абдуллин (Nurbullin)
 - Адеми (ADEMI)
 - Балжан Бидаш (Bidash)
 - Олжас Абай (OSHOOUU)
- Мерекке соңы - мерекелік отшашу және танымал диджей Слештің өнері.

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ КУБОГІ ШИНКИОКУШИНКАЙ КАРАТЭ

Талдықорғанда Қала күні мерекесі қарсаңында «Өркен» спорт кешенінде жасөспірімдер арасында қала әкімінің кубогіне арналған Шинкиокушинкай каратэ бойынша турнирдің ашылу маусымы өтті.

Турнирге Талғар, Кербұлақ, Ескелді ауданы мен Талдықорған қаласынан келген 140-қа жуық жас спортшы қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында ұйымдастырушылар мен спорт саласының өкілдері сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, мұндай іс-шаралардың жастарды салауатты өмір салтына баулудағы маңыздылығына тоқталды.

Хажимурат ХАДЖАЕВ, Талдықорған қаласы бойынша Шинкиокушинкай каратэ федерациясының директоры:

«Бұл турнир жас спортшылардың шеберлігін шыңдайтын, достық пен тәртіпке тәрбиелейтін маңызды алаң. Шинкиокушинкай тек күрес өнері емес, ол мінез, ерік, рух жолы. Қала күніне орай осындай ірі спорттық шараның ұйымдастырылуы біздің ұрпаққа деген сенім мен қамқорлықтың көрінісі», – деді ол.

Айта кетейік, чемпионат бірнеше кезең бойынша өтіп, қатысушылар жас ерекшеліктері мен салмақ дәрежесіне қарай сынға түсті. Жеңімпаздар медальдармен, дипломдармен және кубоктармен марапатталды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



Талдықорған қаласының құрметті азаматтары

Тауфи мен Майра Алимбаевтар

шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасын құрғандарына 50 жыл толып, «Алтын той» иелері атанып отыр. Оған қоса отағасы Тауфи - 75 жасқа толса, ақ жаулықты ана Майра - 70 жас мерейтойын тойлауда. Асқар тау әке мен аяулы ананы қуаныштарымен құттықтап, ұл-қыздан тараған немерелердің ыстық ықыласына бөленіп, шебере-шөпшек сүйіп, бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер дейміз. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз!

Алтын таққа лайықты асыл жандар,
Ұл-қызына ақыл боп шашылғандар.
Жетіпті Алтын тойдай асыл тойға,
Шаңыраққа ақ таң боп ашылғандар.
Бұйырыпты сіздерге осы бақыт,
Өміріңіз баға жетпес асыл ақы.
Тағы да 50 жылда бірге жүріп,
Болыңыздар отбасына алтын, жақұт.

Құттықтаушылар: Жетісу облысы бойынша Семей полигоны мүгедектер және ардагерлер бірлестігі.



Таза Қазақстан

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК

ОБЩЕГОРОДСКОЙ СУББОТНИК

20 ҚЫРКҮЙЕК / СЕНТЯБРЯ
09:00

ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ҰЙЫМДАР!

Сіздерді 2025 жылғы 25 қыркүйекте сағат 15:00-де өткізілетін Бірыңғай есеп беру күніне қатысуға шақырамыз.

ІС-ШАРАНЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ: қауіпсіз қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттің бақылау-қадағалау қызметін реформалауды іске асыру шеңберінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша заңнаманың міндетті талаптары бұзушылықтарының жүйелі профилактикасын дамыту бойынша Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.

ӨТКІЗУ НЫСАНЫ: Бірыңғай есеп беру күні кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылушылықтары профилактикасын жүзеге асыру нәтижелерін талқылау бойынша кездесу нысанында өткізіледі.

ӨТКІЗУ ОРНЫ: Талдықорған қаласы, «Бірлік» ықшам ауданы, Астана даңғылы, 2 А Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының ғимараты.

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ И ОРГАНИЗАЦИИ!

Приглашаем вас принять участие в Едином дне отчета, который состоится 25 сентября 2025 года в 15:00 часов.

ЦЕЛЬ ПРОВЕДЕНИЯ: повышение правовой грамотности субъектов предпринимательства и организаций для осуществления безопасной деятельности, развитие системной профилактики нарушений обязательных требований законодательства по вопросам государственного контроля и надзора в рамках реализации реформы контрольно-надзорной деятельности государства.

ФОРМАТ ПРОВЕДЕНИЯ: Единый день отчета проводится в форме встречи по обсуждению с субъектами предпринимательства результатов осуществления государственного контроля и надзора и профилактике нарушений законодательства Республики Казахстан.

МЕСТО ПРОВЕДЕНИЯ: город Талдықорған, «Бірлік» микрорайон, проспект Астана, 2 А, здание палаты предпринимателей области Жетісу.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талпысыз №954 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.